Рисунок 1. Сальдо миграции населения Республики Казахстан (всего, человек) (1991-2015г.г.) [5]

По данным рисунка мы видим, что, начиная с 1991 года и до 1994 года отток населения из Казахстана усиливался, затем происходит снижение темпов выбытия населения до 2003 года и в 2004 году впервые наблюдается ситуация притока населения в страну. Однако с начала кризиса 2012 года отток населения опять набирает обороты, и в настоящее время наблюдается усиление отрицательных показателей миграции. Рассмотрим исторические предпосылки, которые могли повлечь за собой такую негативную тенденцию.

В истории Республики Казахстан абсолютное большинство миграций было вынужденными и регулировалось государством. Устойчивость миграционных процессов обуславливалась несколькими важными политическими событиями. Прежде всего речь идет о проведении столыпинской реформы начала XX века, процессах коллективизации 20-х гг., затем, в 30-е годы, наблюдается этноцид, в военное время миграционные процессы управлялись необходимостью военной эвакуации и депортации. В послевоенное время происходит освоение целинных земель. Именно эти процессы формировали социальную и этническую структуру населения и определяли сущность самого Казахстана.

Таким образом вплоть до конца 60-х годов в Казахстане наблюдается положительное сальдо миграции. Но уже с начала 70-х гг. Казахстан начинает интенсивно терять население в результате миграции. Так в 70-е годы Казахстан теряет 28% населения, за 80-е годы - 38%.

Новый виток в развитии миграционных процессов происходит уже в 90-е годы. Как уже было отмечено выше, этому способствовали политические события: распад СССР, изменение этнополитической ситуации, получение Казахстаном суверенитета, появление новых независимых государств и границ между ними. Кроме того, на усиление миграционных процессов, по данным экспертов, также повлияли введение таможенных барьеров, а также усиление разрыва между многовековыми культурными, экономическими этническими и информационными особенностями народов, проживающих в Казахстане [6, с. 67-73].

Активизация миграционных процессов в Казахстане в 90-е годы являлась предпосылкой принятия важных политических решений: разработки Закона «О миграции» и создании Агентства по миграции, способствующих стабилизации миграционных процессов. В этот период характер миграционных процессов имел двустороннюю направленность. С одной стороны, мы наблюдаем возвращение представителей коренной национальности на историческую Родину, а, с другой стороны, выезд русских, немцев, украинцев, белорусов и др. Именно в этот период начинается процесс сокращения населения республики, влекущий за собой уменьшение коэффициента рождаемости за пять лет с 19,1 до 14,7 на 1000 жителей. К 1997 году доля представителей коренной национальности среди населения Казахстана составляет уже более половины жителей.

Ситуация оттока населения в 90-х годах ставит перед властью республики новые вызовы и требует принятия срочных политических решений. Таким решением становится принятие долгосрочного документа - Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2007-2015 годы, призванной совершенствовать существующие и развивать новые направления регулирования миграционных процессов в Казахстане. В основу Концепции была положена стратегия социально-экономического развития страны «Казахстан - 2030», которая в свою очередь базируется на Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 1 марта 2006 года «Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии».

Главной целью в стратегических документах прописывается необходимость сохранения национальной идентичности с учетом самобытности и полиэтничности Казахстана, а также накопленного мирового опыта регулирования миграционных процессов [7].

Итак, мы выявили, что для Республики Казахстан миграционный процесс представлен как двоякое движение, включающее поток выбытий и поток прибытий. Двунправленность миграционного процесса имеет место по причине действия в местах прибытия мигрантов - сил притяжения, а в местах выбытия - сил выталкивания. Вместе с тем, практически в каждой стране имеют место обе эти силы, однако интенсивность одной из них может быть выше, а значит, именно туда должны быть направлены усилия правящей элиты для стабилизации миграционной ситуации [8, с. 106-111].

За период независимости Казахстан становится государством с большим миграционным процессом в сравнении с другими странами в мировом масштабе. В течение всего периода времени, начиная с распада СССР и до настоящего момента, мы наблюдаем две главные тенденции, присутствующие во внутренней политике Казахстана:

1) приток в Казахстан этнических казахов, которые выехали из страны в разные исторические периоды;

2) отток из Казахстана представителей других наций, главным образом русских.

Все это влечет за собой постепенное изменение структуры населения Республики Казахстан, в которой со временем растет количество казахов и сокращается численность большинства не титульных наций. Учитывая наличие таких предпосылок, мы можем заключить, что указанная тенденция сохранится в будущем, и казахи со временем вытеснят другие нации в Республике Казахстан [9, с. 48-58].

В связи с этим важно рассмотреть отношение самого населения Республики Казахстан к протекающим в государстве миграционным процессам. Так, в исследовании раскрывается отношение населения Республики Казахстан к протекающим в стране миграционным процессам. Респондентам задается большое количество вопросов и результаты наглядно демонстрируются в виде графиков и диаграмм. Для нас интересна реакция респондентов на политику, проводимую правительством Республики Казахстан в отношении миграционных процессов. Так, респондентам был задан вопрос: «Как Вы думаете, какой политики должно придерживаться правительство Казахстана по отношению к тем мигрантам, которые хотят

остаться жить и работать в Казахстане?». В таблице 1 представлена структура ответов респондентов.

Таблица 1

Надо ограничивать въезд в страну для всех категорий мигрантов	10,40% (56)
Надо поддерживать в первую очередь соотечественников разных национальностей из стран бывшего СССР, создавать условия...	12% (65)
Надо поддерживать въезд молодых и образованных граждан, ограничивая въезд нетрудоспособных и малообразованных	12,80% (69)
Надо поддерживать въезд в страну казахского и казахскоязычного населения, ограничивая въезд представителей...	17,90% (97)
Надо поддерживать всех, кто желает приехать на постоянное место жительства в Казахстан	47% (254)

Анализ ответов показывает, что половина опрошенных считают необходимым ограничить въезд мигрантов, а другая половина склоняется к необходимости поддержки мигрантов. Налицо разделение населения Казахстана в отношении миграции, что, конечно, негативным образом влияет на характер притока мигрантов в страну.

Еще один важный вопрос, заданный респондентам и заслуживающий нашего внимания: «Как Вы считаете, что могут сделать органы власти для установления добрососедских отношений между мигрантами и местным населением?». Ответы представлены в таблице 2.

Таблица 2

Ничего не следует делать	6,50% (40)
Активизировать работу правоохранительных органов, борьбу...	8,10% (49)
Больше знакомить население края с культурой этих народов	8,10% (49)
Развивать отношения со странами и регионами, из которых...	5,10% (31)
Способствовать созданию национально-культурных...	13,20% (80)
Оказывать помощь в получении жилья, социальных пособий...	21,10 % (128)
Принять меры по оказанию мигрантам помощи в изучении...	37,80 % (229)

Ответы респондентов показывают, что важнейшими мерами со стороны правительства по установлению добрососедских отношений между мигрантами и населением Казахстана могли бы стать соответствующие культурно-просветительские мероприятия. Речь здесь идет о необходимости пропаганды на политическом уровне толерантности и добрососедства, установления культурного диалога между нациями. В качестве хорошего примера для других стран здесь мог бы использоваться уникальный опыт Казахстана, учитывая ее многонациональность и многоконфессиональность.

Стоит отметить, что в настоящее время рост благосостояния населения Казахстана вызвал приток мигрантов главным образом из стран Средней Азии: Узбекистана, Кыргызстана и Таджикистана. Осложняется ситуация тем, что деятельность трудящихся мигрантов преимущественно происходит в «теневом» неурегулированном секторе экономики.

Кроме того, на характер миграционных процессов оказывают влияние такие политические факторы как развитие государства, публичная политика, грамотно выстроенная система государственной власти, характер региональных политических процессов, стабильность политической системы и положение страны в мире. Характеристика этих составляющих и их влияние на миграционные процессы Казахстана представлены в таблице 3.

Таблица 3

Фактор	Позитивные последствия
П у б л и ч н а я политика	Направленность миграционной политики на ее сдерживание, а также недостаточно жесткие меры по сдерживанию оттока мигрантов также снижают уровень протестности населения и способствуют повышению лояльности к проводимой публичной политике в целом.
Стабильность политической системы	Отсутствие ограничений для населения страны в праве выбора места жительства, работы и т.д. не позволяет заметно дестабилизировать политическую систему, поддерживая уровень лояльности населения к власти на высоком уровне.
Р а з в и т и е государства	Усиление миграционных процессов способствует снижению протестности населения внутри страны, поскольку часть населения, которая не может трудоустроиться в родной стране, находит работу, а значит и средства для существования – в другой. Это, в конечном счете, не тормозит развитие государства.
С и с т е м а государственного управления	Лояльная и демократически настроенная система государственного управления, с одной стороны, не ущемляет права граждан в праве выбора места работы и места жительства, что повышает лояльность населения к власти.
Региональные политические процессы	Развитие миграционных процессов в приграничных регионах способствует усилению конкуренции между странами в целом и отдельными регионами в частности, что требует от региональных властей принятия соответствующих мер по стабилизации миграционной ситуации.
Положение в мире	Слабая ограничительная политика в сфере миграции способствует привлечению мигрантов, что дает Казахстану статус страны, готовой принять мигрантов, в отличие, к примеру, от жесткой политики в отношении мигрантов в Европе.

Вместе с тем, в целях решения проблемы миграции с 2015 года в различных районах страны, в городах и селах Казахстана созданы «Центры поддержки и обучения трудовых мигрантов», которые занимаются вопросами оказания социальной и информационно-правовой помощи трудовым мигрантам, а также обучения мигрантов базовым рабочим специальностям. Кроме того, проводится серьезная работа по устройству детей мигрантов в детские сады и школы. Для изучения миграционной ситуации на постоянной основе проводятся исследования в сфере трудовой миграции, а также работа со СМИ, целью которой является снижение негативного отношения коренного населения к мигрантам, уменьшение возможности возникновения конфликтных ситуаций среди мигрантов и коренных граждан [10, с. 39-55].

Таким образом, каждый пребывающий в страну мигрант проходит через миграционные центры, в том числе проходит курс по изучению ментальности, народа, языка страны, и изучает историю народа. Кроме того, большое значение имеют созданные в Казахстане общественные организации, занимающиеся проблематикой миграции. Именно подключение третьего сектора к стабилизации миграционной ситуации в купе со слаженными грамотными действиями государственных органов и лояльного добрососедского отношения населения способны во многом снизить остроту миграционной проблематики и стабилизировать протекающие миграционные процессы в стране.

Список литературы

1. Асанбаева А.Е. К вопросу о миграционных процессах между Казахстаном и Россией. Вестник Омского университета. Серия: Исторические науки. - 2014. - № 4 (4). - С. 35-38.
2. Арбаев В.С. Миграционные процессы в странах каспийского региона на примере Республики Туркменистан и Республики Казахстан. В сборнике: АСТРАПОЛИС: Астраханские политические исследования. Ежегодник кафедры политологии Астраханского государственного университета. Астрахань. - 2014. - С. 160-165.
3. Рыбалкин В.С., Варнавина А.О. Миграционные процессы в Республике Казахстан в конце XX – начале XXI века. Постсоветский материк. - 2017. - № 2 (14). - С. 48-58.
4. Мустафаев Н.И. Миграционные процессы в Казахстане // Казахстан-Спектр. - 2006. - №1.- С. 34-39.
5. Динамические таблицы за 1990-2015. Министерство национальной экономики Республики Казахстан. Комитет по статистике. [Электронный ресурс]. - 2016. - URL: <http://www.stat.gov.kz>. (дата обращения: 21.11.2018)
6. Абулкасова Д.Б. Миграционные процессы в Казахстане: Тенденции и динамика: диссертация ... кандидата социологических наук: 22.00.04. - Москва, 2001. - 139 с.: ил. РГБ ОД, 61 02-22/87-3.
7. Указ Президента Республики Казахстан «О концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2007-2015 гг.». [Электронный ресурс].- 2015.-URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id. (дата обращения: 21.11.2018).
8. Назарова Е.А. Особенности современных процессов миграции// Социологические исследования. - 2000. - № 7.- С. 106-111.
9. Рыбалкин В.С., Варнавина А.О. Миграционные процессы в Республике Казахстан в конце XX - начале XXI века. Постсоветский материк. - 2017. - № 2 (14). - С. 48-58.
10. Мұратқызы А. Миграционные процессы в Республике Казахстан в оценках населения. Школа Науки. - 2018. - № 6 (6). - С. 39-55.

Г.М. Каппасова

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан

Қазақстан Республикасында көші-қон процесстері дамуының саяси алғышарттары

Аннотация. Мақалада қазіргі кезеңде және тарихи контексте Қазақстандағы көші-қон процесстерін дамытудың саяси алғышарттары қарастырылады. XX ғасырдың Столыпин реформаларынан бастап, қазіргі жағдаймен аяқталатын Қазақстандағы көші-қон процесстерінің мәні және оның ерекшеліктері ашылады. XX ғасырдың 90-жылдары көші-қон процесстерінің күшеюінің себептері қарастырылады. Халықтың сұрау мәліметтері негізінде Қазақстан халқының көшіп-қонушыларға қарым-қатынасына сипаттама беріледі. Әртүрлі тарихи кезеңдерде көші-қонға қатысты Қазақстан басшылығының қабылдаған саяси шешімдері талданады. Үшінші секторды көші-қон жағдайын тұрақтандыруға мемлекеттік органдардың үйлесімді сауатты іс-қимылдарымен және халықтың адал тату көршілік қарым-қатынасын қоса отырып, көбінесе көші-қон мәселесінің өткірлігін төмендетуге және елдегі жүріп жатқан көші-қон процесстерін тұрақтандыруға қабілетті екендігі туралы қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: көші-қон, саяси процесс, көші-қон процесстері, саяси алғышарттар, Қазақстан Республикасы, мигранттар, көші-қон заңнамасы.

G.M. Kappasova

S. Toraigyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan

**Political prerequisites of development of migration processes
in the Republic of Kazakhstan**

Abstract. The article considers the political prerequisites of the development of migration processes in Kazakhstan at the present stage and in the historical context. The essence of migration processes and its specificity in Kazakhstan, starting with Stolypin reforms of the twentieth century, and ending with the current situation. The author discusses reasons for the strengthening of migration processes in the 90-s of the twentieth century. Based on the data of the population survey, the characteristic of the attitude of the population of Kazakhstan to migrants is given. The political decisions made by the leadership of Kazakhstan in relation to migration in different historical periods are analyzed. In conclusion, it is concluded that the involvement of the third sector in the stabilization of the migration situation, coupled with coordinated competent actions of state bodies and loyal good-neighborly attitude of the population can greatly reduce the severity of migration issues and stabilize the ongoing migration processes in the country.

Keywords: migration, political process, migration processes, political prerequisites, the Republic of Kazakhstan, migrants, migration legislation.

References

1. Asanbaeva A.E. K voprosu o migracionnyh processah mezhdou Kazahstanov i Rossiej. [On the issue of migration processes between Kazakhstan and Russia]. Vestnik Omskogo universiteta. Seriya: Istoricheskie nauki. [Bulletin of Omsk University. Series: history of science], 4 (4), 2014.
2. Arbaev V.S. Migracionnye processy v stranah kaspijskogo regiona na primere Respubliki Turkmenistan i Respubliki Kazahstan [Migration processes in the countries of the Caspian region on the example of the Republic of Turkmenistan and the Republic of Kazakhstan], V sbornike: ASTRAPOLIS: Astrahanskije politicheskie issledovaniya Ezhegodnik kafedry politologii Astrahanskogo gosudarstvennogo universiteta, [In the collection: ASTROPOLIS: Astrakhan political research Yearbook of the Department of political science, Astrakhan state University], 160-165 (2014).
3. Rybalkin V.S., Varnavina A.O. Migracionnye processy v Respublike Kazahstan v konce XIX – nachale XXI veka [Migration processes in the Republic of Kazakhstan in the late XX – early XXI century], Postsovetskij materik [Post-Soviet continent], 2 (14), 48-58(2017).
4. Mustafaev N.I. Migratsionnyie protsessy v Kazahstane. [Migration processes in Kazakhstan], Kazahstan-Spektr [Kazakhstan-Spectrum], 1, 34-39(2006).
5. Dinamicheskie tablitsy za 1990-2015 [Dynamic tables for 1990-2015.] Ministerstvo nacionalnoy ekonomiki Respubliki Kazahstan. Komitet po statistike [Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan. Committee on statistics]. Available at: <http://www.stat.gov.kz>. (accessed 21.11.2018).
6. Abulkasova D.B. Migratsionnyie protsessy v Kazahstane: Tendentsii i dinamika [Migration processes in Kazakhstan: Trends and dynamics], Dissertatsiya ... kandidata sotsiologicheskikh nauk [Dissertation of candidate of sociological Sciences], Moskva, 139 p., 2001.
7. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan «O kontseptsii migratsionnoy politiki Respubliki Kazahstan na 2007-2015 gg.» [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “On the concept of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2007-2015”]. Available at: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id. (accessed 21.11.2018).
8. Nazarova E.A. Osobennosti sovremennyih protsessov migratsii. [Features of modern migration processes], Sotsiologicheskie issledovaniya [Sociological research], 7, 106-111(2000).
9. Rybalkin V.S., Varnavina A.O. Migratsionnyie protsessy v Respublike Kazahstan v konce XX - nachale XXI veka, [Migration processes in the Republic of Kazakhstan in the late XX - early XXI century], Postsovetskij materik [Post-Soviet continent], 2 (14), 2017(48-58).

10. Muratkyzy A. Migracionnye processy v Respublike Kazahstan v ocenkah naseleniya [Migration processes in the Republic of Kazakhstan in population estimates], Shkola Nauki [School Of Science], 6 (6), 2018(39-55).

Сведения об авторе:

Каппасова Г.М. – Басқару және саясаттану кафедрасының аға оқытушысы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Ломов көшесі, 64, Павлодар, Қазақстан.

Каппасова G.M. – Senior Lecturer, Department of Management and Political Sciences, S. Toraigyrov Pavlodar State University, Lomov street 64, Pavlodar, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 1 (126)/2019, pp. 69-75
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

XFTAP 11.01.61

Е.К. Қожбанхан¹, А.Д. Калдыбекова²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹kozhanbankhan@gmail.com, ²aidanakaldybekova@gmail.com)

Идеологиялық гегемония қалыптасуында интеллектуалдардың маңыздылығы

Аннотация. Бұл мақалада критикалық бағалау әдісі қолданыла отырып, итальян ғалымы Антонио Грамшидің философиясында аса маңызды орынға ие «gli intellettuali» немесе «интеллектуалдар» теориясы қолға алынған. Нақтырақ айтқанда, тарихи блок және праксис философиясы контекстінде Грамшидің интеллектуалдар түсінігі мен оны қолдану ерекшелігіне анализ жасалған.

Сонымен қатар, Грамши ұсынған интеллектуалдар теориясы Платоннан Гегельге дейінгі саяси философияда үстем болған классикалық элитистік интеллектуал түсінігінен неліктен және қалай ерекшелінетіндігі, сондай-ақ органикалық және дәстүрлі интеллектуалдар айырымына себеп болған негізгі тұжырымдамалар қарастырылған.

Түйін сөздер: идеология, гегемония, органикалық интеллектуалдар, дәстүрлі интеллектуалдар, интеллигенция, тарихи блок, праксис философиясы.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-69-75>

Кіріспе. Қазіргі заманғы саяси теорияға үлкен үлес қосқан танымал итальян философы Антонио Грамши – теория мен практиканы біріктіру қабілеті арқылы интеллектуалдық тұрғыдан құнды еңбектерін жұртшылыққа ұсынған ойшыл болып табылады [1, 41 б.]. Антонио Грамши сол уақытта Италияда билікке келген Муссолинидің фашизміне бағытталған әрі саяси әрі теориялық критикасы және ерекше ұғымдарды тиімді қолдану арқылы саяси теорияға айтарлықтай өзгерістер алып келген болатын. Бұл өзгерістерге негіз болған себептердің бірі – интеллектуалдар теориясы.

Грамшидің еңбектерінде қолданылатын «gli intellettuali» терминін қазақ тіліне екі түрлі аударуға болады: интеллигенция және интеллектуал. Италиянша түпнұсқасында қолданылған «gli intellettuali» терминнің шынайы мағынасының жоғалмауы үшін бұл мақалада интеллектуал деп аудару жөн көрілді. Себебі, 1950 жылдардың ортасында Кеңес одағында Грамшидің еңбектеріндегі «gli intellettuali» термині орыс тіліне интеллигенция деп аударылып бастаған болатын. Дегенмен, эпистемологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ интеллигенция сөзі түпнұсқада алға тартылған терминнің негізгі мағынасын ашып бере алмайды. Яғни, «интеллигенция» ұғымы адамдардың белгілі бір жүріс-тұрыстары мен мінез-құлықтарын, белгілі бір өмір сүру формаларын және т.б. білдірмейді, керісінше белгілі бір интеллектуалдар жиынтығының нақты әлеуметтік мазмұнын, кешенді этикалық және моральдық мән-мағынасын сипаттайды [2, 36 б.]. Сондықтан, интеллигенция терминін пайдалану негізінен әдіснамалық қателік болып табылады.

Идеологиялық гегемония және интеллектуалдар. Грамши үшін интеллектуалдың анықтаушы ерекшелігі оның қоғамдағы ұстанымына байланысты. Осыны негізге алатын болсақ, басқарушы топ пен оған қарсы топтың ойлары мен идеяларының дамуында белсенді рөл атқаратын интеллектуалдар тобы бар [3, 10 б.]. Грамшидің пайымдауынша, қоғамның жалпы жағдайы мен құрылымы интеллектуалдарға тікелей әсер етеді және осы өзара әрекеттесу нәтижесінде әлемді интерпретациялау миссиясына ие болған интеллектуалдар белгілі бір қорытындыларға қол жеткізеді. Тек қана өздерінің ойлары арқылы ғана емес,

ұйымдасуы және қоғамдық өмірде алған орындарына байланысты интеллектуалдарды айқындаған Грамши интеллектуалдардың негізгі міндеттері ұйымдастыру, бағыт бағдар беру, басқару және оқыту болып табылатынын алға тартады. Осылайша, белгілі бір әлеуметтік топтардың пайдасына идеологиялық гегемонияның басты элементтері болып табылатын консенсус (consensus) пен мәжбүрлеуді (domination) ұйымдастыратын интеллектуалдар әлеуметтік тәртіпті өзгертетін күшке қол жеткізеді [4, 10 б.].

Интеллектуалдар органикалық тұрғыдан тәуелді әлеуметтік топтың ішінен бастау алып қалыптасады. Экономикалық өндірісте орын алатын әрбір әлеуметтік топ тек қана экономикалық алаңда емес, қоғамдық және саяси алаңда да белсенді қызмет атқаратын өзінің интеллектуалдар тобын қалыптастырады. Басқа сөзбен айтқанда, кел-келген қоғамдық-саяси топ экономикалық, саяси және идеологиялық үстемдікке қол жеткізу үшін және осыны сақтап қалу үшін өздерінің органикалық интеллектуалдары арқылы жаңа моральдық құндылықтарды қалыптастыруы қажет. Бұл интеллектуалдар қоғамда белгілі бір пікірді қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар өздері өкілдік ететін қоғамдық топтың мүдделерін қорғайтын гегемониялық жобаларды да дамыта отырып, қоғамдық күштерді белгілі бір мақсатта ұйымдастырады. Бұл контекстте интеллектуалдар тарихи блоктың ортақ сана мен идентификациясын қалыптастыратын пікірлердің және гегемония үшін қажетті консенсустың қамтамасыз етілуі үшін маңызды рөл ойнайды [5, 61 б.].

Грамши интеллектуалдарды басқарушы топтың қоғамдағы гегемониясын және саяси басқарудың төменгі деңгейдегі функцияларын жүзеге асыратын уәкілдер ретінде қарастырады. Осылайша, интеллектуалдар консенсустың қалыптасуында да өте ықпалды болып табылады. Сонымен қатар, басқарушы топқа актив немесе пассив келісім бермегендерге бағытталған мәжбүрлеу технологияларын да жүзеге асырады [6, 224 б.].

Грамши интеллектуалдарды басқарушы топтардың саяси практикалық және теориялық әрекеттерін айқындайтын және осылайша гегемонияның идеологиялық алғышарттарын қалыптастыратын легитимдеуші мамандар ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, интеллектуалдар қоғамдық тәртіпке практикалық және технологиялық тұрғыдан өте маңызды үлес қосады. Мысалы, қоғамдық тәртіпте орын алған жағдайларды теорияға айналдырады, саясат қалыптастырады және оның жүзеге асырылуында айтарлықтай маңызды рөл ойнайды.

Грамшидің интеллектуал теориясында алға тартқан басқа мәселесі, философиялық ойы бар адамдар және философияға сілтеме бергендердің барлығы интеллектуал болып табылады, дегенмен бұл адамдардың барлығы қоғамда интеллектуалдың функциясын жүзеге асырмайды. Грамшидің пайымдауынша, әр адамның іс-әрекеті, минимум деңгейде болса да, техникалық қабілетті, яғни шығармашылық интеллектуалдық функцияны қажет етеді. Сондықтан, Грамши бұл функцияны, яғни әр адамның өткені мен бүгіні арасындағы синтезді праксис философиясымен түсіндіреді. Практик адамға қарама-қайшылықтардан құтылудың дұрыс жолын көрсетеді. Грамшидің айтуынша, адамдар айналасын идеологиялық тұрғыдан өте ықпалды қоғамдық жүйелер мен құрылымдар қоршап тұр. Алайда, адамдардың бұдан құтылуы тек қана басқа адамдармен біріге ынтымақтасуы арқылы, яғни материалдық өмірді үнемі қыспаққа алып отыратын құрылымдарды халықтың пайдасына өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Адам тек қана жалғыз субъект ретінде жүйелік әрі құрылымдық шектеулерді бұзып асып түсе алмайды, бірақ субъект ретінде жұдырықтай жұмылған қоғамның ғана материалды өмірді өз пайдасына өзгерту мүмкіндігі бар. Интеллектуалдар да праксис барысында өзінің қоғамдық тәжірибесі нәтижесінде өзгеріске ұшыраған дүние танымдарын халықпен бөлісе алады. Негізінде, интеллектуалдар мен халық арасындағы байланыс өзара қарым-қатынас сипатына ие. Практик процесі барысында, халық пен интеллектуалдар арасындағы қарым-қатынастарда үзілістердің пайда болуы, жинақталу мен тереңдеудің орын алуы бір мезетте және бірге жүзеге асады. Сондықтан, Грамшидің теориясында халық маңызды рөлге ие және халықтың

ортақ сезім арқылы да идеологиялық гегемония қалыптастырылуы әбден мүмкін [1, 152 б.]. Бұл тұрғыдан қарағанда, Грамшидің теориясындағы интеллектуал түсінігі Платоннан Гегельге дейін классикалық философия тарихында үстем болған элитистік көзқарастан әлдеқайда ерекшеленеді.

Грамшидің «интеллектуалдар» теориясы және оның терминологиялық негіздері. Грамшидің теориясында тұжырымдамалық негізді қалыптастырып отырған бірқатар терминдердің ішінде «интеллектуалдар» теориясы көптеген ғалымдар арасында қызығушылық тудырып отыр. Грамшидің бірегей ғылыми ұстанымы негізінде Италиян интеллектуалдары туралы анализ жасаумен басталады және кейіннен универсалды критикаға айналады. Грамшидің интеллектуалдарды қолға алып анализ жасауының негізгі себебі, сол кезеңде интеллектуалдардың билікте болған үстемдік етуші топтың, нақтырақ айтқанда фашисттік биліктің саяси қыспағында қалуы және мемлекеттік биліктің тарихи және экономикалық алаңдардағы ықпалының кеңеюі болды. Бұл кезеңде, мемлекеттің реттеуші функцияларының артуымен қатар, қоғамдағы жаңа экономикалық және саяси қақтығыстар жаңа мамандарға деген сұраныстың туындауына себеп болды. Осылайша, жаңа интеллектуалдар мен жаңа интеллектуалдық алаңдар пайда болған. Бұл жағдайда, Грамши интеллектуалдардың автономдылығын ауыр сынға алады. Бұл сын негізінен Карл Манхеймнің «еркін және тәуелсіз интеллигенция» деген ұстанымға бағытталған болатын [7, 7 б.]. Грамшидің бұндай ұстанымы абсолютті тәуелсіз интеллектуал түсінігінен қоғамда белгілі бір функцияны жүзеге асыратын маман интеллектуал түсінігіне қарай ілгері жылжуға мүмкіндік берді [8, 117 б.].

Белгілі интеллектуал түсінігінің анықтамасынан бас тартып, аталмыш түсінікті айтарлықтай кең мағынада қарастыруға ұмтылған Грамшидің пайымдауынша, «барлық адамдар интеллектуал, себебі әр адамның ойлау қабілеті бар» дей отыра айтарлықтай жаңа ұстанымды алға тартады [8, 9 б.]. Грамши, өзі өмір сүрген кезеңде айтарлықтай радикалды болған тұжырымдамаларды алға тарта отырып, интеллектуалды қоғамнан әлдеқайда жоғары әрі автономды орналасқан бейне ретінде қарастыратын түсінікті жермен жексен етіп, жаңа категорияны қалыптастырады. Негізінде Грамши еңбек процесінде атқарылған қызметтердің әр қайсысын құнды деп санаған. Басқа сөзбен айтқанда, ақылмен істейтін еңбек және қара күшпен жүзеге асырылатын еңбек арасындағы айырмашылық еңбектің интеллектуалды және интеллектуалды емес деп бөліп қарастыруға негіз болып табылады. Бұл айырмашылық арқылы интеллектуал адамдар интеллектуал емес адамдарға қарағанда айтарлықтай жоғары статусқа орналасып, барлық күш-жігерлерін жұмсай отыра «элитистік» құрылымның қалыптасуында аянбай еңбек етеді. Алайда, Грамшидің үзіндісінен түсінгеніміздей, адамның кез-келген іс-әрекеті интеллектуалды процесті қажет ететіндігін назарға алатын болсақ, қара күшпен жұмыс істейтін адаммен ақылмен жұмыс істейтін адамды бір-бірінен бөліп қарастыру мүлдем мүмкін емес [8, 9 б.].

Дегенмен, «барлық адам интеллектуал, бірақ әр адам қоғамда интеллектуалдың атқаратын функциясын жүзеге асырмайды» деп айтқанда Грамши интеллектуалдың атқаратын функцияларына акцент беруде. Интеллектуал функционалды болуы қажет және тарихи блоктың ішкі ұйымдасуынан бастап, базистен саяси-идеологиялық қондырмаға (орыс. – надстройка, ағыл. – superstructure) дейін созылып жатқан құрылымдардың әр деңгейде белгілі бір функцияларды жүзеге асыруы қажет [8, 98 б.]. Бұл жағдайда, интеллектуал тарихи блоктың әр деңгейінде идеология, білім беру, медиа және экономикалық қатынастарда, ал қондырмада болса бюрократия және мемлекеттік басқаруда атқаратын функциясына қарай позицияларға ие болады. Сондықтан да, Грамши тек қана ақылмен жұмыс істейтіндерді ғана емес, ұйымдасқан және қоғамдық өмірдің барлық қабатында орын алатын адамдарды қамтитын интеллектуал түсінігін алға тартады. Жалпы айтқанда, интеллектуалдың қоғамдағы негізгі функцияны ұйымдастыру, басқару, бағыт-бағдар беру, білім беру деп айқындалады. Осылайша, қоғамдық топтардың пайдасына консенсус мен

мәжбүрлеуді ұйымдастыратын интеллектуалдар қоғамдық жүйені өзгерту мүмкіндіктерін уыстарында ұстайды [4, 374 б.].

Граммидің интерпретациясы барысында кез-келген қара жұмыстың түрі және қарапайым механикалық іс-әрекеттің өзі техникалық шеберлікті және белгілі бір дәрежеде шығармашылық ойлауды қажет ететіндігі айқындалады. Сондықтан, дәл осы тұста жаңа айырымды қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл айырым қоғамда белгілі бір функцияны жүзеге асыратын интеллектуал мен қара күш арқылы жұмыс істейтін жұмысшылар арасында орын алып отыр. Қарастырылып отырған айырым негізінде интеллектуалдың зияткерлік қабілетіне емес, қоғамда атқаратын функциясына қарай жасалуда. Бұл тұрғыдан қарапайым жұмысшыны немесе қара күшпен жұмыс істейтін адамды зияткерлік тұрғыдан ақылмен жұмыс істейтін адамнан ерекшелендіретін нәрсе білектің күшімен атқаратын жұмысы емес, белгілі-бір шарттар және қоғамдық қатынастар шеңберінде істеген жұмыстың сапасы мен біліктілігінде болып табылады. Осылайша, кеңейтілген интеллектуал түсінігінің нәтижесінде қара жұмыс істейтін адамдар мен ақылды іске қосып жұмыс істейтін интеллектуал адамдар арасында мәжбүрлі айырым пайда болған.

Дәстүрлі интеллектуалдар және органикалық интеллектуалдар классификациясы. Граммидің интеллектуалдар теориясында негізгі элемент болып табылатын интеллектуалдардың классификациясы мәселесіне жақыннан қарау қажеттілігі туындап отыр. Бірінші, кез-келген алдыңғы қатардағы топтың немесе таптың жаңа қоғамдық тәртіпті қалыптастыру үшін мәжбүрлі түрде қажет болып табылатын органикалық интеллектуалдар мәселесі. Екіншісі болса, өткен кезеңдерден қалып қойған тарихи, қоғамдық шарттар және дәстүр арқылы қалыптасқан дәстүрлі интеллектуалдар мәселесі [8, 5 б.]. Дәстүрлі интеллектуалдар, өндіріс формалары және өзгеріс процесстерінің нақты көріністері контекстінде, алдыңғы тарихи блоктардың ішінен шыққан және ең күрделі, фундаменталды өзгерістерге қарамастан ешбір үзіліске ұшырамаған тарихи сабақтастықты алға тартатын интеллектуалдар қауымдастығы болып табылады. Мысалы, Орта ғасыр Еуропадағы дін адамдары, философтар және ғалымдар. Аталмыш сегменттегі адамдар ұзақ уақыт бойы діни идеология, мектеп, білім беру, әділеттілік, әлеуметтік көмек көрсету сияқты қоғамдық қызметтерді қолдарының уыстарында ұстаған [10, 742 б.]. Граммидің теориясындағы дәстүрлі интеллектуал түсінігі Платоннан Гегельге дейін кеңінен қолданылған классикалық элитистік интеллектуал түсінігіне өте жақын болып табылады. Сондай-ақ, дәстүрлі интеллектуалдар мемлекетпен немесе үстемдік етуші топпен тікелей байланысы болмайды. Ал органикалық интеллектуалдар өндіріс формасындағы өзгерістерге тәуелді болып, топтың жеке қажеттіліктеріне жауап беру мақсатында пайда болған интеллектуалдар тобы. Бұл интеллектуалдардың белгілі бір алаңда мамандануы да негізінен топтың қажеттіліктеріне қарай қалыптасады [8, 6 б.].

Органикалық интеллектуал ескі дәстүрлі интеллектуалдардан әлдеқайда алыстау және оған қарсы белгілі бір қашықтық орната отырып қалыптасады. Жаңа тарихи және әлеуметтік шарттар жаңа саяси, идеологиялық және құқықтық қондырманың қалыптасуына негіз болып табылады және бұл аталмыш мәселемен жақыннан сабақтаса отырып жаңа интеллектуал типінің пайда болуына негіз болып отыр [8, 6 б.]. Бұл шарттарда дәстүрлі деп танылған тарихи блокқа альтернатив ретінде жаңа тарихи блоктың негізгі тобы ретінде органикалық интеллектуалдар пайда болады. Органикалық интеллектуалдар шаруалар, жұмысшылар және қарапайым халықтың арасынан іріктеліп шығып, қарапайым адамдардан тым жоғары иерархияда орын алғаннан гөрі халықтың арасында болғандықтан үнемі халықа жақын болады. Бұл топ органикалық деп сипатталады, себебі қарапайым халықпен идеологиялық ынтымақтастық және практикалық іс-әрекеттерде одақтас болады. Бұл тұрғыдан органикалық интеллектуалдар кәсіпкерлер мен қоғамдық-экономикалық деңгейде ұйымдастырушылармен бірге өркендеп дамиды. Осылайша, қолдау көрсеткен қоғамдық топтың гегемониясын күшейтіп, ықпал ету өрісін кеңейтеді [11, 588 б.].

Қорытындының орнына. Интеллектуалдар теориясының праксис философиясымен байланысы. Грек тілінен бастау алатын праксис термині әрекет ету немесе жасап шығару сияқты іс-әрекеттерді сипаттайды. Практик терминін ағылшын тіліне аудару барысында көбіне практика термині қолданылады [12, IX б.]. Практик іс-әрекетті, белсенділікті, сонымен қатар адамның өз әлемін қалыптастыратын және өзін басқа болмыстардан ерекшелендіретін әрекетті сипаттайды. Практик терминінің тарихы Ежелгі грек философиясынан, нақтылап айтатын болсақ, Платон мен Аристотельден бастау алады [13, 245 б.]. Практик философиясы негізінен теория мен практиканың бірлігіне үлкен мән беру мақсатында пайда болған.

Грамши практик терминін философиялық әрі социологиялық тұрғыдан қарастырған. Критикалық ойлау арқылы Грамши жаңа интеллектуал типологиясын ұсынған. Маркстың «осыған дейін философтар бұл дүниені әртүрлі формада интерпретациялады, негізінде қажет болған нәрсе оны өзгерту еді» деген пікірін негізге алған Грамши үшін философияның және философының, яғни интеллектуалдың негізгі міндеті жасалған ғылыми жаңалықтарды қайта қайталап беру емес еді. Бұл философияның тек дүниені түсініп, интерпретациялауға жарамды екендігін, ал философия өз бетімен болған жағдайда дүниені өзгертуге қауқарсыз екендігін көрсетіп отыр. Тек саясат дүниені өзгерте алады. Сондықтан, саясатпен бірікпейінше философияның ешбір мағынасы жоқ.

Осы тұста философты интеллектуал деп қарастыратын болсақ, философты немесе интеллектуалды адами тұрғыдан физикалық болмыс ретінде шектеп қарастырғаннан гөрі, қоғамдық және мәдени ортамен үнемі өзара байланыста болатын актив тұлға ретінде қарастырған жөн [1, 148 б.]. Дәл осы мәселені негізге ала отырып, интеллектуалдар теориясын праксис философиясымен тығыз байланыстыратын жағдай туындап отыр.

Грамшидің интеллектуалдарға жүктеген нақты міндеттердің қандай екендігі «Түрме дәптерлері» атты шығармасында айқындалған. Қоғамда орын алған кез-келген биліктің тіреуіші идеологиялық гегемония болып табылады. Шынайы гегемонияны қалыптастыру үшін орталық пен периферияда тұратын қарапайым халық арасында консенсуске негізделген бір одақтасу саясаты жүзеге асырылуы қажет. Кез-келген негативті идеологияға бағытталған қарсы күресті мәдени-идеологиялық өлшемдермен жасақталған гегемониямен қамтамасыз ету қажет [1, 443 б.]. Интеллектуалдың аталмыш функцияларды тиімді жүзеге асыруы үшін міндетті түрде саяси партия болуы қажет. Грамшидің теориясында партия дәстүрлі және органикалық интеллектуалдарды бір жерде түйістіретін саяси алаң ретінде сипатталады. Саяси партия органикалық интеллектуалдарды қалыптастыратын және ұйымдастыратын жер. Осылайша, саяси партия қатарында тиісті функцияларын орындайтын адамдар саны көбейеді және әлдеқайда көп адамның саяси қатысуын қамтамасыз етеді. Грамшидің пайымдауынша, нәтижесінде шешім қабылдау өкілеттілігі тек қана «маманданған» интеллектуал элитаның монополиясынан шығады [4, 503 б.]. Интеллектуалдар мен халық арасында өзара байланыс құрылмайынша араларындағы қарым-қатынас бюрократиялық, дөрекі қатынасқа айналады және интеллектуалдардың абсолютті және тәуелсіз «каста» ретінде қалыптасып қалуына негіз болады. Ал егерде, өзара байналыс орныққан жағдайда интеллектуалдар халықтың өкілі ретінде саяси сахнада орын алады. Нәтижесінде, жаңа қоғамдық күш ретінде қалыптасқан жаңа тарихи блок қалыптасады.

Интеллектуалды сипаттау барысында Грамши әр адам философ, бірақ бұны түсінгендерді, яғни ойлары мен практикаларын біріктіргендерді және нәтижесінде өздерінің шынайы болмыстарын қайта жаңғыртқандарды шынайы еркіндіктері мен бостандықтарына қол жеткізгендер деп сипаттайды [13, 192 б.]. Осылайша, интеллектуалдылықты санамен бірге оны ұғыну, белсенді болу сияқты ерекшеліктерді алға тарту арқылы адамның шынайы болмысына қатысты ойлар да қарастырылып отыр. Ойы мен практикасын біріктірген және осы арқылы шынайы болмысын қайта жаңғыртқан адам қоғам ішінде жоқ болып кетпейді, керісінше бұл адам өзін және өмір сүретін қоғамын жаңадан жаңғыртуға атсалысады. Универсалды ойлау формасы арқылы Грамши интеллектуал мен адамның адамгершілігі

(саяси философия сөздігінде – virtù) арасында байланыс құрады. Мысалы, Грамшидің пайымдауынша ақиқатты айту тек интеллектуалдың ғана міндеті емес немесе тек мәдениетті адамның ғана моральдық міндеті емес. Дұрысы, ақиқатты айту және оны жақтау, қорғау сонымен қатар саяси міндет болып табылады [1, 172 б.].

Әдебиеттер тізімі

1. Santucci A. Gramsci'yi Anlama / A. Santucci. – İstanbul: Kalkedon Yayınları, 2011. – 192 p.
2. Дмитриева Н. А., Чичин Е. С. Интеллигенция или интеллектуалы? Систематическое значение понятия «gli intellettuali» в философии Антонио Грамши // Вестн. ЛГУ имени А.С.Пушкина. Сер. философия – 2013. – Т. 2. № 2. – С. 35-45.
3. Gramsci A. Harishane Defterleri / A. Gramsci. – İstanbul: Belge Yayınları, 1997. – 368 p.
4. Forgacs D. Gramsci Kitabı Seçme Yazılar 1916-1935 / D. Forgacs. – İstanbul: Dipnot Yayınları, 2010. – 520 p.
5. Karacasulu N. Hegemonik Düzen Tartışmaları ve Eleştirel Görüşler // Dokuz Eylül Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi – 2009. – Т. 11. № 4. – P. 53-71.
6. Yetiş M. Gramsci ve Aydınlar // Mülkiye Dergisi – 2002.- № 26.-236. – P. 217-245.
7. Манхейм К. Идеология и утопия / К. Манхейм. – Москва: Юрист, 1994. – 744 с.
8. Gramsci A. Selection From The Prison Notebooks / A. Gramsci. – London: Lawrence and Wishart, 1971. – 483 p.
9. Portelli H. Gramsci ve Tarihsel Blok / H. Portelli. – Ankara: Savaş Yayınları, 1982. – 253 p.
10. Choudray K. Gramsci's Intellectuals and People's Science Movement // Economic and Political Weekly – 2014. – V.49.№ 25. – P. 742-744.
11. Hawley J. Antonio Gramsci's Marxism: Class, State And Work // Social Problems – 1980. – V.27.№ 5. – P. 584-600.
12. Bernstein R. Praxis And Action Contemporary Philosophies Of Human Activity / R. Bernstein. – Philadelphia: University Of Pennsylvania Press, 1971. – 368 p.
13. Gramsci A. Harishane Defterleri Seçmeler / A. Gramsci. – İstanbul: Onur Yayınları, 1986. – 356 p.

Е.К. Кожбанхан, А.Д. Калдыбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Важность интеллектуалов в формировании идеологической гегемонии

Аннотация. В этой статье обсуждается теория «gli intellettuali» или «интеллектуалы», которая занимает очень важное место в философии итальянского философа Антонио Грамши с использованием метода критической оценки. Более подробно, в контексте таких понятий, как исторический блок и философия праксиса, анализируется теория «интеллектуалы» в трудах Грамши и специфика его использования.

Кроме того рассматриваются аргументы: почему и как теория «интеллектуалы» Грамши отличается от классического элитистского понятия «интеллектуалы», которые доминировали в политической философии от Платона до Гегеля. Также исследовано различие между органическими и традиционными интеллектуалами.

Ключевые слова: идеология, гегемония, органические интеллектуалы, традиционные интеллектуалы, интеллигенция, исторический блок, философия праксиса.

E.K. Kozhankhan, A.D. Kaldybekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The importance of intellectuals in the formation of ideological hegemony

Abstract. This article discusses the theory of “gli intellettuali” or “intellectuals”, which occupies a very important place in the philosophy of the Italian philosopher Antonio Gramsci using the method of critical evaluation. In more

detail, in the context of such concepts as the historical block and the philosophy of praxis, the theory of intellectuals in the works of Gramsci and the specifics of its use are analyzed.

In addition, it considers the arguments: why and how the theory of intellectuals Gramsci differs from the classical elitist concept of intellectuals who dominated political philosophy from Plato to Hegel. And also investigated the difference between organic and traditional intellectuals.

Key words: ideology, hegemony, organic intellectuals, traditional intellectuals, intelligentsia, historical block, philosophy of praxis.

References

1. Santucci A. Gramsci'yi Anlama [Understanding Gramsci] (Kalkedon Yayınları, İstanbul, 2011).
2. Dmitriyeva N. A., Chichin Y. S. Intelligentsiya ili intellektualy? Sistematicheskoye znachenije ponyatiya «gli intellettuali» v filosofii Antonio Gramshi [Intelligentsia or Intellectuals? The systematic meaning of the concept of “gli intellettuali” in the philosophy of Antonio Gramsci], Vestnik LGU imeni A.S.Pushkina [Bulletin of Leningrad State University named after A.S. Pushkin], 2(2), 35-45 (2013). Gramsci A. Hapishane Defterleri [The Prison Notebooks] (Belge Yayınları, İstanbul, 1997).
4. Forgacs D. Gramsci Kitabı Seçme Yazılar [Gramsci Book Selection Articles] (Dipnot Yayınları, İstanbul, 2010).
5. Karacasulu N. Hegemonik Düzen Tartışmaları ve Eleştirel Görüşler [Hegemonic Order Discussions and Critical Views], Dokuz Eylül Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 11 (4), 53-71 (2009).
6. Yetiş M. Gramsci ve Aydınlar [Gramsci and Intellectuals], Mülkiye Dergisi, 26(236), 217-245 (2002). [in turkish]
7. Manheim K. Ideologiya i utopiya [Ideology and Utopia] (Yurist, Moscow, 1994).
8. Gramsci A. Selection From The Prison Notebooks (Lawrence and Wishart, London, 1971).
9. Portelli H. Gramsci ve Tarihsel Blok [Gramsci and Historical Block] (Savaş Yayınları, Ankara, 1982).
10. Choudray K. Gramsci's Intellectuals and People's Science Movement, Economic and Political Weekly, 49 (25), 742-744 (2014).
11. Hawley J. Antonio Gramsci's Marxism: Class, State And Work, Social Problems, 27 (5), 584-600 (1980).
12. Bernstein R. Praxis And Action Contemporary Philosophies Of Human Activity (University Of Pennsylvania Press, Philadelphia, 1971).
13. Gramsci A. Hapishane Defterleri Seçmeler [Selection From The Prison Notebooks] (Onur Yayınları, İstanbul, 1986).

Авторлар туралы мәлімет:

Қожбанхан Е. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Саясаттану кафедрасының PhD докторанты, Астана, Қазақстан.

Калдыбекова А. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, Еуразия ұлттық университетінің телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Kozhbankhan Ye. – PhD Student at the Department of Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Kaldybekova A. – Master of Social Sciences, Lecturer of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

МРНТИ 11.25.67

¹А.А. Турунтаева, ²А.Б. Камытбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: ¹a.turuntaeva@mail.ru, ²adina.kamytbekova@gmail.com)

Политика КНР в странах Центральной Азии в рамках проекта «Экономический пояс Шелкового пути»

Аннотация. В статье рассматриваются экономическое и политическое развитие Китая и его отношения со странами Центральной Азии. Китай является одним из мировых лидеров по темпам экономического роста. Успехи Поднебесной во многом достигнуты благодаря гибкой экономической политике. В статье описаны внешнеполитические стратегии Китая и указываются главные инструменты реализации данных стратегий. «Экономический пояс Шелкового пути» - один из важных проектов, реализуемых Китаем, стал крупнейшим интеграционным процессом, целью которого является создание новой модели регионального сотрудничества. Государства Центральной Азии возлагают на нее большие надежды. Новая инициатива может представлять собой исторически беспрецедентную возможность для республик Центральной Азии стать важными игроками в мировой экономике.

Ключевые слова: Шелковый путь, экономическое развитие, «Один пояс-один путь», экономика, торговля, внешняя политика, логистика.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-76-85>

Введение. С появлением новых независимых государств на постсоветском пространстве произошли изменения в международных отношениях. Ситуация в Центральной Азии изменилась. После того, как страны Центральной Азии обрели независимость, государства начали преследовать свои собственные национальные интересы. Центральноазиатский регион - экономически и политически важный регион для мировых держав, таких как Россия, Китай, США, Турция, Иран, Япония, Индия и ЕС, которые преследуют здесь свои цели. Таким образом, Центральная Азия стала важным регионом на международной арене.

Экономическое и политическое развитие Китая за прошлые два десятилетия стало ключевым фактором в мировой политике. Такая политика Китая чрезвычайно важна для соседней Центральной Азии. Не секрет, что влияние Пекина в Центральной Азии растет, Китай проводит свою политику и укрепляет экономическое сотрудничество с регионом. Страны Центральной Азии являются наследниками древних традиций Шелкового пути. После того как страны Центральной Азии обрели независимость, Китай начал пересматривать свою политику касательно этого региона. Китай был уверен, что регион Центральной Азии будет играть большую роль во внешней политике страны. Для него этот регион был источником к ресурсам, т.к. страны здесь богаты залежами углеводородов.

В настоящее время отношения между странами Центральной Азии и Китаем развиваются хорошо, наблюдается высокий уровень взаимного доверия, формирующий прочную основу для делового сотрудничества.

Китай является инициатором стратегии экономического развития «Один пояс - один путь». В ходе визита председателя Си Цзиньпина в Казахстан и Индонезию в 2013 году были представлены инициативы «Экономический пояс Шелкового пути» и «Морской Шелковый путь XXI века». Это предложение сразу же нашло поддержку со стороны центральноазиатских государств, которые возлагают большие надежды на этот крупнейший экономический проект.

Проект «Один путь - один путь» объединяет более 60 стран Азии и Европы, 4 миллиарда человек и укрепляет дружеские отношения, инфраструктурные связи и сотрудничество в различных областях. Это благотворно скажется на сближении государств в евразийском регионе.

Основная часть. Установление первых дипломатических отношений между Казахстаном и Южной Кореей относится к началу 90-х гг. XX века. Сразу после обретения независимости Казахстаном, 30 декабря 1991 года именно Южная Корея одной из первых зарубежных стран признала суверенитет и независимость Республики Казахстан.

После установления дипломатических отношений между Казахстаном и Южной Кореей 28 января 1992 года сотрудничество стало интенсивно развиваться в экономической, политической, образовательной и культурных сферах [2, 67с.]. Следует отметить, что обе страны имеют общую историю со времен Советского союза. Особенно в 1930-е годы, когда около полутора миллионов корейцев уехали по разным причинам или на Японские острова, или на северо-восток Китая, в Маньчжоу-го. А часть бежала на российские территории. Это было в советский период, когда наша республика, как и другие союзные республики находилась в составе СССР.

С тех пор корейцы в современном Казахстане являются одной из основных этнических диаспор республики. Согласно данным комитета статистики МНЭ Республики Казахстан на территории страны проживают 108177 корейцев [3]. Хотя первые корейские поселенцы были замечены на казахской земле ещё в конце XIX века, основная часть современных корейцев Казахстана являются потомками депортированной по указу Сталина общины дальневосточных корейцев. Таким образом, в 1937 году корейцы стали первой этнической диаспорой, массово депортированной в Казахстан [4, с. 34-35].

При взаимодействии с иностранными партнерами имеют место языковой и культурный барьеры. А наличие корейской диаспоры в Казахстане является своего рода достаточно эффективным «мостом» во взаимном сотрудничестве между двумя странами. Активное содействие развитию двустороннего диалога оказывает основанная в октябре 1995 года Ассоциация корейцев Казахстана, которая во многом способствует консолидации корейцев Казахстана.

За последние десятилетия обе страны упрочили сотрудничество, стали стратегическими партнерами и изучили новые горизонты для общего устойчивого будущего.

Безусловно огромную роль в развитии отношений Казахстана с Республикой Корея играют посольства. Республика Корея открыла свое посольство в Алматы в 1993 году (в августе 2008 года было перенесено из Алматы в Астану). За 25 лет дипломатических отношений в Казахстане сменилось 9 послов РК и с 18 апреля 2018 года Послом Республики Корея в РК является Ким Дэ Сик. А посольство Казахстана в Сеуле функционирует с 1996 года. За все время в Южной Корее сменилось всего 5 послов РК. С прошлого года (27.04.2018) Послом РК в Республике Корея является Дюсенбаев Бакыт. Послы обеих стран сделали важный вклад в построении модели взаимного роста, при которой обе страны могут выиграть, основываясь на дружеском сотрудничестве между Кореей и Казахстаном [2, с. 88-90].

Глава государства трижды посетил Республику Корея с государственным визитом (15-18 мая 1995 г., 21-23 апреля 2010 г., 9-11 ноября 2016 г.), с официальным визитом (12-14 ноября 2003 г.) и с рабочим визитом (2-й Саммит по ядерной безопасности 26-27 марта 2012 г.).

Президенты Республики Корея посетили Казахстан трижды с государственным визитом (Но Му Хён 18-20 сентября 2004 г., Ли Мён Бак 12-14 мая 2009 г., Пак Кын Хе 18-20 июня 2014 г.), дважды с официальным визитом (Ли Мён Бак 24-25 августа 2011 г. и 13-14 сентября 2012 г.). В 2019 году планируется официальный визит Президента Мун Чжэ Ина.

В 2004 году между столицами двух государств, Астаной и Сеулом, были установлены побратимские отношения. Главными сферами взаимодействия стали строительство, информационные технологии, наука и культура. Также стоит отметить, что между Астаной и Сеулом нет политических разногласий [5].

После всех этих событий настало время для динамичного развития в области экономических отношений и культурно-гуманитарного сотрудничества, которое условно можно разделить на три этапа:

Первый этап (1990-е гг.) стал временем взаимного узнавания и сближения. Он включал в себя становление экономических отношений, формирование договорно-правовой базы. Его завершение связано с азиатским финансовым кризисом 1997—1998 гг. Как известно, этот кризис представлял собой последовательность девальваций валюты и других событий, которые начались летом 1997 года и распространились по многим азиатским рынкам. Валютные рынки впервые потерпели неудачу в Таиланде в результате решения правительства больше не привязывать местную валюту к доллару США. Спад валюты быстро распространился по всей Юго-Восточной Азии, что в свою очередь привело к снижению фондового рынка, снижению доходов от импорта и правительственных потрясений.

Формирование внешней политики независимого Казахстана базировалось на двух важных стратегических задачах — обеспечение национальной безопасности и сохранение территориальной целостности.

Не менее важной внешнеполитической задачей Казахстана на начальном этапе суверенного развития стало привлечение иностранных инвестиций для того, чтобы выйти из кризисного состояния в экономике и возвысить роль нефтегазового сектора, который бы позволил выйти стране на новый уровень экономического развития.

С этой целью было привлечено более 10 млрд долларов иностранных инвестиций, главным образом, в нефтегазодобывающую и металлургическую промышленность.

По объему привлеченных иностранных инвестиций на душу населения Казахстан занял первое место среди стран СНГ. Что касается основных инвесторов, то ими стали США и страны Европейского Союза, среди первых - Великобритания и Нидерланды.

В 1990-е годы в период диверсификации внешнеэкономического сотрудничества во внешнеторговом обороте доля промышленно развитых стран Европейского Союза даже превысила долю России.

Следует отметить, что в этот период Южная Корея рассматривала Казахстан лишь как часть Центральной Азии и через призму своих отношений с мировыми державами, а также доминировал геоэкономический подход к энергетическим ресурсам стран Центральной Азии.

В тот сложный период после распада СССР и обвала спроса на традиционную казахстанскую продукцию тяжелой промышленности привели к резкому спаду экономики с 1991 года, причем наибольший ежегодный спад произошел в 1994 году. Республика испытывала экономические проблемы, острый финансовый и товарный дефицит, Южная Корея своими инвестициями и совместными проектами («Grapro Coral Ltd» – предприятие по пошиву эксклюзивной одежды, предприятие «Алматинский чай» и т.д.), экспортом высококачественных товаров опередила Японию и Китай. Такими действиями она смогла создать имидж очень надежного экономического партнера Казахстана, обладающего всем необходимым: мощным капиталом, передовой технологией и апробированным менеджментом.

Но в конце 90-х гг. произошел финансово-экономический кризис, который стал причиной разрыва многих перспективных совместных проектов.

После обретения независимости наша страна перешла от плановой экономики к рыночной. Таким образом собственный казахстанский путь позволил найти выход из кризисной ситуации. Несмотря на трудности, уже на 1-ом этапе переходного периода (1991-1995 гг.)

обнародована Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства, вводится национальная валюта – тенге, создаются первые свободные экономические зоны.

На 2-ом этапе переходного периода (1995-1997 гг.) была принята Конституция Республики Казахстан. Глава государства озвучил Стратегию «Казахстан - 2030», в которой были определены главные направления развития государства на период до 2030 года, при этом за основу был взят пример стран Юго-Восточной Азии [6, с. 4-5].

К тому же в этот период Казахстан отказался от ядерного оружия в обмен на гарантии безопасности и финансовую и инвестиционную поддержку, тем самым привлекая к себе внимание многих транснациональных компаний и крупных западных компаний в качестве перспективного региона для добычи минеральных ресурсов и сырья.

Второй этап (2000-е гг.). В этот период были поставлены такие важные геополитические задачи как: укрепить безопасность страны в условиях резко изменившейся геополитической ситуации; сохранить баланс, с одной стороны, между Россией и США, с другой — между РФ и КНР; и самое главное – не допустить всякие попытки извне повлиять на внутреннюю стабильность в республике.

2000-е гг. для Кореи были очень плодотворными: страна преодолела кризис и начался экономический подъем на внутреннем и внешнем рынках. И сотрудничество между двумя странами начало углубляться, и Казахстан постепенно стал основным партнером Кореи в Центрально-Азиатском регионе.

Именно в этот период Южная Корея обратила внимание на наши минеральные и сырьевые ресурсы. А в 2004 году был подписано Соглашение по мирному использованию атомной энергии. Также в этом же году в ходе визита президента Кореи в Казахстан состоялся бизнес-форум «Казахстан — Корея — торговые и инвестиционные партнеры».

В условиях повышения мировых цен на нефть администрация президента Но Му Хёна приняла в ноябре 2006 г. «Комплексные меры для партнерства с Центральной Азией», которые были направлены на обеспечение стабильных источников энергии и ресурсов для устойчивого развития экономики.

К тому времени рынок добычи энергоносителей в Казахстане был уже поделен между транснациональными компаниями, в связи с этим происходила диверсификация южнокорейского бизнеса в инвестициях.

Качественно новый скачок в сотрудничестве между двумя странами произошел в конце первого десятилетия и в наше время перешел в стратегическое партнерство. Этот период можно условно обозначить третьим этапом.

Хронологически этот этап совпадает с периодом президентства Ли Мён Бака, пришедшего к руководству страной в конце февраля 2008 года. Именно в это время активно продвигается и развивается дипломатический курс «Новая Азия». Его основное направление – расширение партнерства с азиатскими странами [2, с. 66-72].

С каждым годом в отношениях Казахстана и Южной Кореи открываются новые грани, появляются новые направления двухсторонних отношений. Основными направлениями казахстанско-корейского сотрудничества являются:

- Уголовно-процессуальное направление;
- Культура, искусство, спорт, народная дипломатия;
- Энергетика и минеральные ресурсы;
- Инвестиции;
- Обеспечение региональной безопасности;
- Образование;
- Медицина;
- Наука и передовые технологии [7].

Активизация отношений между стратегическими партнерами началась с установлением определенных совместных целей и проектов, фигурирующих в экономической отрасли.

В Казахстане работают более 900 компаний с южнокорейским участием, деятельность которых вносит огромный вклад в расширение экономических возможностей двух стран. Наглядным примером казахстанско-корейского частного партнёрства можно назвать деятельность следующих компаний: Lotte, LG, Корея Экспрессвей, СК «Проектирование и строительство» и т.д.

Казахстанско-корейские отношения нацелены так же на развитие отечественных казахстанских компаний, ярким примером которого может быть успешное кооперирование фирм двух государств. В 2013 году организация “Lotte confectionary” скупил 76,25% всех акций АО «Рахат», приобретя оставшиеся 23,75% акций в 2014 году. Утверждение совместной деятельности этих конгломератов закончилось тем, что первоначальные акции нашей отечественной фирмы возросли в 3 раза за счет данного соглашения.

Так, итогом 2017 г. стал рост товарооборота Казахстана с Южной Кореей в 2,5 раза за пройденный год, что составило около 1,7 миллионов долларов. В целом, товарооборот Казахстана имел увеличение всего на 25%, исходя из рейтинга (табл. 1), данный показатель относительно Южной Кореи имеет хорошие тенденции развития.

Таблица 1

Товарооборот Республики Казахстан на внешнем рынке за 2016-2017 гг.[8]

Товарооборот РК с Республикой Корея. Январь-декабрь 2017 / млн. долл. США				
	2017	2016	Рост за год	Доля
Товарооборот				
Всего	77646,8	62113,7	25,0%	100,0%
Страны СНГ	22004,4	17691,2	24,4%	28,3%
Страны вне СНГ	55642,5	44422,4	25,3%	71,7%
Азия	19 532,7	14482,2	34,9%	25,2%
Республика Корея	1695,7	676,5	150,7%	2,2%
Экспорт				
Всего	48342,1	36736,9	31,6%	100,0%
Страны СНГ	8155,9	6327	28,9%	16,9%
Страны вне СНГ	40186,3	30409,3	32,2%	83,1%
Азия	11971,0	8253,1	45,0%	24,8%
Республика Корея	1128,2	223,5	404,8%	2,3%
Импорт				
Всего	29304,7	25376,7	15,5%	100,0%
Страны СНГ	13848,5	11363,6	21,9%	47,3%
Страны вне СНГ	15456,2	14013,1	10,3%	52,7%
Азия	7561,7	6229,1	21,4%	25,8%
Республика Корея	567,5	453,0	25,3%	1,9%

Так за год импорт товаров из Кореи увеличился на 25,3%, что составляет около 567,5 миллионов долларов США. Увеличение экспорта корейских товаров произошло в 5 раз, что приравнивается к 1,1 миллиардов долларов США.

В то же время в общем товарообороте произошел рост доли Кореи практически в два раза, что составило 2,2%, учитывая сложившиеся тенденции, прогнозируется дальнейший рост в данной сфере.

В 2016-2017 гг. главной экспортной позицией относительно Южной Кореи были такие сырьевые продукты, как нефть (2,4 млн тонн на 956 млн долл), ферросплавы (87,4 тыс. тонн на 138,2 млн долл) и титан (3,4 тыс. тонн на 28,1 млн долл).

На современном этапе двусторонний товарооборот между двумя странами вырос до 2,5 миллиардов, что подтвердил инвестиционный семинар в Сеуле, сообщив о выходе на рекорд в 2018 г. по казахстанско-корейскому товарообороту. Семинар был проведен корейским агентством по поддержке торговли, экспорта и инвестициям [8].

Кроме того, были сообщены следующие цифры: товарооборот между странами вырос от 500 миллионов долларов в 2016 г. до 2,5 миллиардов к сентябрю 2018 года. Так был разработан ряд экономических проектов, способствовавших росту товарооборотов: проекты АПК (сооружение птицефабрик Казахстана с объемом инвестиций на 42 миллиона долларов), инфраструктурные проекты (ГЧП – 267 миллионов долларов на реализацию платных дорог Казахстана), экспортирование нефти Казахстана Южной Корее.

В 2019 г. спада в товарообороте между странами не намечается. Южнокорейские инвесторы готовы поддержать 50 новых проектов Казахстана, из которых 35 миллионов долларов идет на строительство клиник и лакокрасочный завод Шымкента.

Итак, товарооборот между двумя странами с каждым годом имеет прирост. Южная Корея по-прежнему остается важным инвестором на экономической арене Республики Казахстан.

Заключение. Таким образом, сотрудничество между Южной Кореей и Республикой Казахстан начинается с приобретением суверенитета казахстанским государством после распада Советского союза. Южная Корея способствовала инвестициями и совместными проектами выходу республики из сложившейся кризисной обстановки 90-х годов. Между столицами двух стран сложились очень теплые дипломатические отношения.

Развитие экономических отношений и культурно-гуманитарного сотрудничества условно делится на два периода: 1990-е годы как годы становления торгово-экономических отношений, формирования договорно-правовой базы, связанной с азиатским финансовым кризисом. На втором этапе сотрудничества Корея для Казахстана – партнер на экономическом рынке. В данный временный период, вплоть до современного этапа, происходит качественное увеличение взаимного товарооборота между странами. Значительно вырастает экспорт казахстанских сырьевых ресурсов в Южную Корею.

В настоящее время дальнейшее сотрудничество между странами остается в силе. Так, на 2019 год и последующие годы Южная Корея и Казахстан имеют совместные проекты с ожидаемыми успешными результатами.

Список литературы

1. Постановление Президента РК от 15 июля 1992 года № 853 «О мерах по реализации Стратегии становления и развития Казахстана как суверенного государства». [Электрон. ресурс]. – 1992. – URL: https://m.egov.kz/cms/ru/law/list/K920000853_ (дата обращения: 29.12.2018)
2. Ким Г.Н. Казахстан — Южная Корея: по пути стратегического партнерства: монография. — В двух книгах. Книга 1. Этапы партнерства и сотрудничества. — Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2012. — 66-90 с.
3. Численность населения Республики Казахстан по отдельным этносам на начало 2018 года [Электрон.ресурс]. – 2018. – URL: <http://stat.gov.kz> (дата обращения: 25.12.2018)
4. Ким Г.Н. Хронология истории корейцев Казахстана. – Алматы: Print Express. Издательство и полиграфия, 2017. – 34-35 с.
5. Сотрудничество Республики Казахстан с Республикой Корея [Электрон.ресурс]. – 2018. – URL: <http://mfa.gov.kz/ru/content-view/sotrudnicestvo-respubliki-kazahstan-s-respublikoj-kore> (дата обращения: 20.08.2018).
6. Национальная экономика в архивных источниках (период независимости). Сборник документов и материалов. Астана: Типография Стимул, 2016. – 4-5 с.
7. Газизов Т.Ж. Реализованные задачи по основным направлениям сотрудничества Республики Казахстан с Южной Кореей (1999-2003 гг.) [Электрон.ресурс]. – 2010. – URL: <https://articlekz.com/article/5734> (дата обращения: 12.11.2018)
8. Корея становится ключевым партнером [Электрон.ресурс]. – 2018. – URL: <http://www.exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/113308/> (дата обращения: 30.12.2018)

А.К. Майкибаева, К.М. Ильясова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Оңтүстік Кореямен ынтымақтастығының басым бағыттары мен болашағы

Аннотация. Мақалада посткеңестік кезеңдегі Қазақстан Республикасының Оңтүстік Кореямен ынтымақтастығының эволюциясы сыртқысаяси көзқарас тұрғысынан қарастырылады. Авторлар тарапынан Қазақстанның тек Оңтүстік Кореямен ғана емес, сонымен қатар басқа шетелдік мемлекеттермен өзара экономикалық қарым-қатынастарына жан-жақты талдау жасалады. Қазіргі кезде әлемдік қауымдастықта неғұрлым дамыған елдердің де өзара тәуелділігі, ірі-ірі мемлекеттердің басқа елдермен кез-келген саладағы қарым-қатынастары ғана экономикалық, технологиялық прогреске қол жеткізуге болатындығы және барлық қажетті тауарлар өндірісі мен қызмет көрсетудің тиімділігі үшін қолайлы жағдай жасау керектігі мойындалған. Мұндай маңызды міндеттерді шешу тек халықаралық ынтымақтастықтың арқасында жүзеге асырылады. Егемен мемлекет ретіндегі Қазақстанның дамуында оның басқа елдермен халықаралық қарым-қатынастары маңызды рөл атқарады.

Мақалада соңғы онжылдықтардағы Қазақстанның экономикалық даму кезеңдері, нарықтық экономиканың өзекті мәселелері, аталған екі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері де қарастырылады. Қазақстан-корейлік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары анықталады. Қазақстанның дамуына Оңтүстік Корея Республикасының қолайлы әсері және нәтижелері де көрсетіледі.

Түйін сөздер: ынтымақтастық, серіктестік, егемендік, инвестиция, Қазақстанның дамуы, Қазақстан-Корея ынтымақтастығының бағыттары

A. Maikibayeva, K. Ilyassova

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Priority directions and prospects of cooperation of the Republic of Kazakhstan with South Korea

Abstract. In this article, from the foreign policy point of view, the evolution of cooperation between the Republic of Kazakhstan and South Korea in the post-Soviet period is considered. The authors conduct a comprehensive analysis of the economic relations of Kazakhstan not only with South Korea, but also with other foreign countries. At present, it is accepted in the world community that even the largest and the most developed countries cannot independently carry out technological and economic progress and create conditions for the efficient production of all necessary goods and services without any relations with other countries. Such tasks can be successfully solved only through international cooperation. International relations of Kazakhstan play an important role in its development as an independent sovereign state.

Also considered are the stages of economic development of Kazakhstan over the past decades, relevant issues of a market economy, and features of the socio-economic development of the two republics. The main directions of Kazakhstan-Korean cooperation were identified. The results of the favorable influence of South Korea on the development of Kazakhstan are being summed up.

Keywords: cooperation, partnership, sovereignty, investment, development of Kazakhstan, directions of Kazakhstan-Korean cooperation.

References

1. Postanovlenie Prezidenta RK ot 15 iyulya 1992 goda № 853 «O merah po realizacii Strategii stanovleniya i razvitiya Kazahstana kak suverennoho gosudarstva» [Resolution of the President of the Republic of Kazakhstan dated July 15, 1992 No. 853 «On measures to implement the Strategy of the formation and development of Kazakhstan as a sovereign state»]. Available at: https://m.egov.kz/cms/ru/law/list/K920000853_ (accessed: 29.12.18)
2. Kim G.N. Kazahstan — Yuzhnaya Koreya: po puti strategicheskogo partnerstva: monografiya. — V dvuh knigah. Kniga 1. Etapy partnerstva i sotrudnichestva [South Korea: on the way of strategic partnership: monograph. - In two books. Book 1. Stages of partnership and cooperation]. (Kazahstanskij institut strategicheskikh issledovanij pri Prezidente RK, Almaty, 2012)

3. Chislennost' naseleniya Respubliki Kazahstan po otдел'ным ehtnosam na nachalo 2018 goda [Population of the Republic of Kazakhstan by individual ethnic groups at the beginning of 2018]. Available at: <http://stat.gov.kz> (accessed: 25.12.18)

4. Kim G.N. Hronologiya istorii korejcev Kazahstana [Chronology of the history of Koreans in Kazakhstan]. (Print Express. Izdatel'stvo i poligrafiya, Almaty, 2017)

5. Sotrudnichestvo Respubliki Kazahstan s Respublikoj Koreya [Cooperation of the Republic of Kazakhstan with the Republic of Korea]. – 2018. – Available at: <http://mfa.gov.kz/ru/content-view/sotrudnichestvo-respubliki-kazahstan-s-respublikoj-kore> (accessed: 20.08.18)

6. Nacional'naya ekonomika v arhivnyh istochnikah (period nezavisimosti). Sbornik dokumentov i materialov [National economy in archival sources (independence period). Collection of documents and materials.]. (Typography Stimul, Astana, 2016)

7. Gazizov T.ZH. Realizovannye zadachi po osnovnym napravleniyam sotrudnichestva Respubliki Kazahstan s Yuzhnoj Koreej (1999-2003 gg.) [Implemented tasks in the main areas of cooperation between the Republic of Kazakhstan and South Korea (1999-2003)]. Available at: <https://articlekz.com/article/5734> (accessed: 12.11.19)

8. Koreya stanovitsya klyuchevym partnerom [Korea becomes key partner]. Available at: <http://www.exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/113308/> (accessed: 30.12.18)

Сведения об авторах:

Майкибаева А.К. – магистрант кафедры востоковедения факультета международных отношений, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева.

Ильсова К.М. – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры востоковедения факультета международных отношений, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева.

Maikibayeva A.K. – Undergraduate of Department of Oriental Studies, Faculty of International Relations, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Ильсова К.М. – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor Department of Oriental Studies, Faculty of International Relations, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 1 (126)/2019, pp. 139-147
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

FTAMP 11.25.91

А.К. Нуриденова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: aizhe.nk@gmail.com)

Қытайдың сыртқы саясатындағы жаңа кезең: «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы

Аннотация. Бұл мақалада Қытайдың қазіргі кезеңдегі сыртқы саясатында ең негізгі орынды иеленіп отырған «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасының пайда болуы, мазмұны мен мақсаты және оның сыртқы саяси ықпалы жан-жақты зерттеледі. Мақалада автор қытайлық, батыстық және қазақстандық зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасының Қытайдың сыртқы саясатында жаңа кезеңнің басталғандығын білдіретін өзгеріс ретінде көрсетеді. Зерттеу барысында аталмыш тұжырымдаманың Қытай осы кезеңге дейін ұстанып келген халықаралық қатынастарда «қарапайым болу» қағидасынан ауытқып, сыртқы саясатта белсенді болуға итермелейтіндігі анықталады. Автор аталған тұжырымдаманы ҚХР басшылығының маңызды халықаралық жиындарда белсенді түрде насихаттауы Қытайдың халықаралық сахнада өзінің артып келе жатқан қуатына сай әрекет етуіне ұмтылатындығын білдіретін әрекет ретінде қорытындылайды.

Түйін сөздер: «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық», сыртқы саяси тұжырымдамалар, жаһандық басқару, сыртқы саяси белсенділік, «бейбіт даму».

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-139-147>

Кіріспе. Си Цзиньпиннің келуімен Қытай Халық Республикасының (ҚХР) сыртқы саясатында «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» (命运共同体 *mìngyùn gòngtóngtǐ*) құру атты жаңа тұжырымдама пайда болды. Бұл мақаланың негізгі мақсаты аталған тұжырымдаманың мазмұнын, мәнін және мақсаттарын зерттеу және оның Қытайдың сыртқы саяси бағытына әкелген және болашақта әкелетін өзгерістерін бағалау. Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін Қытай басшыларының алдыңғы буындары басшылық еткен кезеңдерінде сыртқы саясатта қолданылған негізгі тұжырымдамаларға назар аудару, олардың өзгеріске ұшырау жолдарын бақылау және қазіргі сыртқы саяси тұжырымдамалардың өзгеру себептерін анықтау секілді міндеттер қойылып отыр.

«Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы қазіргі таңда жиі аталса да, оның мазмұны, мақсаты және Қытайдың сыртқы саясатындағы орны туралы жасалған зерттеулер өте сирек. Солардың кейбіріне тоқталып өтер болсақ, Цинхуа университетінің профессоры Янь Сюэтуңнің жазуы бойынша, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы Қытайдың сыртқы саясатындағы қазіргі жаңа стратегия – «жетістіктерге қол жеткізу» (奋发有为 *fēnfā yǒuwéi*) қағидасының бір бөлігі болып табылады және ол экономикалық, саяси және әскери ынтымақтастықты қамтиды. Қытай өзінің «ұлттық қайта өркендеу» мақсатына қол жеткізу барысында қолайлы қоршаған орта құру үшін көршілес жатқан елдермен ортақ тағдыры бар қауымдастық құруды көздейді [1]. Канадалық қытайтанушы Стефан Смиттің ойынша, аталмыш тұжырымдаманы жасап, оны алдымен Азия елдері арасында жүзеге асыруда Қытай басшылығы Конфуцийдің «біркелкіліксіз үндестікке» қол жеткізу идеясын (和而不同 *hé ér bù tóng*) және «бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын» негізге алады [2].

«Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы туралы қазақстандық зерттеушілердің пікірін қарастырып өту өте маңызды. Қытайтанушы К.Л. Сыроежкиннің

пайымдауынша, қазіргі таңда «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасының іске асырылуынан бастап Шанхай Ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) экономикалық саладағы жұмысы тоқтап қалды десе де болады. Осыған байланысты «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы ШЫҰ-ның шеңберінде аймақтық қауіпсіздік мәселелерін және оның болашақтағы жаңа құрылымын қамтитын тұжырымдама болмақ [3]. Саясаттанушы А.Амребаевтың бақылауынша, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы ҚХР-дың негізгі геосаяси мақсаттарының бірі. Бұл Қытайдың ықпал ету орбитасында орналасқан елдерден тұратын кеңістік құру дегенді білдіреді және оған «Бір белдеу, бір жол» жобасына қатысатын елдер кіреді [4]. Осылайша, зерттеу барысында осы тақырыпқа қатысты қазақстандық зерттеушілердің жүйелі түрде және тереңірек зерттеп жазған еңбектерінің өте санаулы екендігіне көз жеткізілді.

Бұл мақала жоғарыда аталған міндеттерді орындауда және берілген тақырыпты жүйелі түрде зерттеуде сапалық әдіске негізделеді. «Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы жаңа тақырып болуына байланысты оны Қытай басшыларының соңғы жылдары жасаған баяндама мәтіндеріне контент-анализ әдісін қолдана отырып зерттеу жасалды. Сонымен бірге, аталмыш жаңа тұжырымдаманың ерекшеліктерін бөліп көрсету мақсатында оны ҚХР басшыларының алдыңғы буындары ұстанған сыртқы саяси тұжырымдамалармен салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, салыстыру жасалды.

«Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы. Көптеген қытайтанушылар мен Қытайдың сыртқы саясатын бақылаушылар 2013 жылы жаңа төраға Си Цзиньпиннің келуімен Қытайдың сыртқы саясатында жаңа кезеңнің басталғандығын мойындайды. Яғни бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда қазіргі таңда ҚХР Дэн Сяопин насихаттап кеткен «өз қабілетін жасырып, қолайлы уақытты күту» қағидасынан ауытқып, соңғы жылдары сыртқы саясатта белсенділік пен табандылық көрсетіп келеді. Өз кезегінде, Дэн Сяопин ұсынған «28 иероглиф стратегиясы» келесідей жеті қағидадан құралған болатын: байсалдылықпен бақылау (冷静观察 *lěngjìng guānchá*), қалыптасқан жағдайды сақтау (稳住阵脚 *wěnzhù zhènjiǎo*), сабырлылық таныта отырып, қиындықтармен күресу (沉着应付 *chénzhuó yìngfù*), өз қабілетін жасыра отырып, қолайлы уақытты күту (韬光养晦 *tāoguāng yǎnghuì*), қарапайым болу (善于守拙 *shànyú shǒuzhuō*), алдыңғы орынға шықпау (绝不当头 *juébù dāngtóu*) және оң нәтижелерге қол жеткізу (有所作为 *yǒu suǒ zuò wéi*) [5]. Аталған қағидалар Цзянь Цзэминь және Ху Цзиньтао билік еткен жылдары Қытайдың сыртқы саясатына негіз болған нұсқаулықтар еді. Мәселен, Цзянь Цзэминь басшылығы кезінде Қытайдың сыртқы саяси жүріс-тұрысы сақтық және ұстамдылық секілді қағидаларға негізделсе, Ху Цзиньтао кезеңінде ҚХР тек аймақтық деңгейде белсенділік танытты. Оның мысалы ретінде 1997 жылғы Азиялық қаржы дағдарысында Қытайдың өз валютасын девальвацияламау туралы шешім қабылдап, дағдарыстан зардап шеккен елдерге қаржылай несие беру арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Ассоциациясы (АСЕАН) елдерінен үлкен қолдау табуын келтірсе болады [6, 20].

Алайда, 2010 жылдың соңынан бастап ҚХР басшылығы сыртқы саясатты жүргізуде белгілі бір жаңашылдықтар енгізе бастады. Қытай халықаралық қауымдастықты өзінің дамуының тек оң және жағымды нәтижелер әкелетіндігіне сендіруге және басқа мемлекеттермен ынтымақтасуда өзара пайдаға басымдық беруге, кез келген даулы мәселені келіссөздер арқылы шешуге ұмтылатындығы туралы белсенді түрде мәлімдей бастады [7, 7]. Сыртқы саясаттағы жаңашылдықтар Си Цзиньпиннің келуімен одан сайын басым бола түсті. Оның төрағалығы басталғаннан кейін осыған дейін жетекші ұстаным болып келген халықаралық сахнада «қарапайым болу» қағидасының орнына «жетістіктерге қол жеткізу» қағидасы алдыңғы қатарға шығып, ол Қытайдың халықаралық мәселелерді шешуге белсенді түрде араласып, көшбасшылық саясатты ұстанатындығын білдірді. Мұндай саясатқа арқау болып келе жатқан негізгі тұжырымдама – «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы.

Бұл түсінік алғаш рет 2010 жылы құрлықтық Қытай мен Тайвань арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау үшін қолданылды. Аталмыш тұжырымдама Қытай және өзге де егемен мемлекеттер қарым-қатынастарын қамтитын жаңа мағынаға ие тұжырымдама ретінде 2011 жылдың қыркүйек айында Қытайдың Бейбіт даму туралы ақ кітабында, ал 2012 жылы қарашада өткен Қытай коммунистік партиясының (ҚКП) 18-ші съезіндегі есебінде көрініс тапты [8]. Сол кезеңнен бастап «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» идеясын ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин белсенді түрде Қытай ішінде де, халықаралық мінберлерден де насихаттап келеді. Осылайша, аталмыш тұжырымдамаға ҚКП-нің 19-шы съезінде де үлкен назар аударылып, 2018 жылдың наурызында ҚХР Конституциясына енгізілген түзетулер нәтижесінде, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» түсінігі ҚХР Конституциясының преамбуласынан да орын алды. Оның жаңа мәтінінде Қытай «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастықты» құру ісін ілгері жылжытады деп жазылған [9]. Сонымен қатар, бұл тұжырымдама ҚКП Жарғысына 2018 жылдың қазан айында ҚКП-нің 18-ші съезінің нәтижесінде енгізілген «Си Цзиньпин ойлары» атты толықтырудың да маңызды бөлігін құрайды. Мұндай өзгерістер аталған тұжырымдаманың Қытайдың ішкі және сыртқы саясаты үшін маңызының өте жоғары екендігін білдіреді.

2010-2013 жж. ҚХР сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған Фу Ин ханымның пікірінше, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» құру идеясы дамыған және дамушы елдерді біріктіре отырып, аймақтық және жаһандық ынтымақтастықты дамытуға, әлем елдері арасындағы Солтүстік-Оңтүстік бөлінісі мен түрлі аймақтық теңсіздіктерді жоюға бағытталған [10]. Қытайлық дипломат Ван Ивэйдің пайымдауынша, аталмыш тұжырымдама адамзат тарихында бұрын соңғы болмаған жаңа идеяны ұсынады, яғни мыңдаған жылдар бойы халықаралық қатынастарда басым болып келген әр елдің ұлттық мүддесінің бірінші орында болу қағидасын және «қырғи қабақ соғыстың» ұлы державалар арасындағы күштер текетіресі саясатын ығыстыра отырып, мемлекеттер арасындағы өзара пайда мен ынтымақтастыққа негізделеді [11].

Аталған тұжырымдаманың мазмұнын қарастыратын болсақ, 2015 жылы қыркүйекте Си Цзиньпин БҰҰ-ның 70-ші Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасының негізгі бөліктеріне тоқталып өтті. Оған сәйкес, аталмыш тұжырымдама негізгі бес саланы қамтиды. Олар: саяси әріптестік, қауіпсіздік, экономикалық даму, мәдени алмасулар және қоршаған ортаны қорғау. Өз сөзінде ҚХР Төрағасы: «біз мемлекеттер бір-біріне тең қарайтын, өзара кеңес беру мен өзара түсіністік орын алатын әріптестік құруымыз қажет. Қауіпсіздік саласында әділдік, бірлескен үлес және ортақ пайда болуы қажет. Сонымен бірге, біз ашық, инновациялық және барлығына ортақ болатын дамуды ілгері жылжытуымыз қажет. Біз үндестік пен алуан-түрлілікті құрметтейтін өркениет аралық алмасулар санын арттыруымыз қажет. Сонымен қатар, біз табиғат пен жасыл экономиканы бірінші орынға қоятын экожүйені құруымыз қажет» деп атап өтті [12].

Аталмыш көзқарасты Си Цзиньпин 2015 ж. наурызда өткен Боао Азиялық форумында насихаттауын жалғастырды. Өз сөзінде ол үлкен мемлекет болу аймақтық және жаһандық істерде монополияға қол жеткізуге ұмтылудан гөрі, аймақтық және әлемдік бейбітшілік пен даму бойынша үлкен жауапкершілікті міндеттейтіндігін атап өтті [13]. Осыған байланысты кейбір қазақстандық зерттеушілер Қытайдың «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасын осындай жиындарда насихаттауын қазіргі таңда қалыптасқан жаһандық басқару жүйесін өзгертіп, «қытайлық сипаты бар жаһандануды» ілгерілетуге ұмтылуы деп таниды [14]. Бұл Қытайдың халықаралық қатынастар мен жаһандық басқаруда үлкенірек рөл ойнауға ұмтылатындығын білдіреді.

Сонымен қатар, барлық адамзатқа ортақ қауымдастық құру идеясы 2017 жылы мамырда Пекин қаласында өткен «Бір белдеу - бір жол» форумының басты тақырыбы бола отырып, аталмыш форумның қорытынды біріккен коммюникесіне қатысушы мемлекеттер

басшыларының бірауыздан қолдауымен «ортақ ұмтылыс» ретінде енгізілді [15]. Бұл «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» құру идеясының аталмыш жобамен өте тығыз байланысты екендігін білдерді және екі бастама бірін-бірі материалдық және идеологиялық жағынан толықтырып отыратын болады.

2017 жылғы Давоста өткен әлемдік экономикалық форумда Си Цзиньпин экономикалық жаһандануды қорғай отырып, Қытайдың «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» құруға ұмтылатындығын атап өтті. Ол сөйлеген сөзінде «адамзат бір-бірінен ажыратылмайтын, мүдделері ортақ, әрі өзара тәуелді қауымдастыққа айналып үлгерді» деген болатын [16]. 2017 жылы ақпанда БҰҰ-ның Әлеуметтік даму жөніндегі комиссиясының 55-ші сессиясында «Африканың дамуына арналған жаңа әріптестіктің әлеуметтік қырлары» атты қарар қабылдады. Аталған комиссия халықаралық қауымдастықты Африканың дамуын қолдауға және күллі адамзатқа негізделген ортақ болашақ құруға шақырды. Қытайдың Жэньминь жибао газеті аталмыш қарарды «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасының мойындалуын және Қытайдың жаһандық басқаруға қосқан орасан зор үлесін білдіретін әрекетке жатқызды [8].

«Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасының пайда болып, ілгерілеуіне Си Цзиньпин ұсынған «қытайлық арман» және оған қол жеткізу қажеттілігі де өз септігін тигізді. Бірнеше саланы қамтитын бұл бағдарлама «қытай ұлтының қайта өркендеуі» дегенді білдіреді және ол екі сатыдан тұрады: ҚКП-нің жүз жылдығына (2021 ж.) орай «орташа ауқатты қоғам» (小康社会 *xiǎokāng shèhuì*) деңгейіне қол жеткізу және ҚХР-дың жүз жылдық мерейтойына орай (2049 ж.) әлемнің дамыған елдері қатарына ену [7, 7 б.].

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасының тез арада кең көлемде таралуына Қытай мен АСЕАН елдері (әсіресе, Филиппиндер мен Вьетнам) арасындағы территориялық даулардың шиеленісуі түрткі болды [8]. Сәйкесінше, аталған тұжырымдама Қытайдың көрші мемлекеттермен қатынастарын қайта қалпына келтіру үшін көмекке келуі қажет болды.

Ван Ивэйдің пайымдауынша, Қытай аталған тұжырымдаманы, ең алдымен, «Еуразия құрлығының барлық елдерімен бірлесе отырып, дамудағы теңсіздіктерді жою мақсатында «Бір белдеу - бір жол» бастамасы арқылы жүзеге асыруға ұмтылады. Сонымен бірге, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін әлем елдерінің алуан-түрлілігі есепке алынады, себебі әр мемлекеттің өзіне тән айырықша даму жолы бар. Алайда, даму жолында әлемнің барлық еліне ортақ қолдануға болатын жалғыз сәтті модель жоқ. Сондықтан «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасының саяси қағидасы саяси алуан-түрлілікті қабылдай отырып, жоғары дамыған өркениет, демократия және гүлдену секілді әлемнің барлық еліне ортақ мақсаттарға қол жеткізуде әр мемлекетке түрлі жолдар мен тәсілдерге жүгінуге жол беріледі. Қытайдың қуаты артқан сайын, ол жаһандық басқаруға қатыса отырып, оны жақсарту ісін жалғастыруы тиіс» [11].

Осыған сәйкес, ҚКП-нің ресми баспасөз құралы Жэньминь жибао газетінде де Қытайдың жаһандық басқару жүйесін жақсартуға және қалыптасқан әлемдік тәртіпті реформалауға ұмтылатындығы жазылады. Сонымен бірге, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы қазіргі дамушы елдерге дамудың дұрыс жолын көрсететін бағдар беруші құрал ретінде сипатталады. Қытай басшылығының түсінігінше, «қазіргі таңда әлем халқы бір-бірімен бұрын-соңды орын алмаған ұқсас тағдыр арқылы байланысқан» [17].

Осы орайда, Австралия ұлттық университетінің зерттеушісі Денхуа Чжанның пікірінше, Қытай «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасын әлемнің дамушы елдері мен көпжақты ұйымдарға (G20, АТЭС саммиттері) бағыттауға тырысуда, себебі Си Цзиньпин аталмыш тұжырымдаманы өзінің Африка, Азия және Латын Америкасы елдеріне жасаған ресми сапарлары барысында Қытай мен аталған елдер арасында ортақ жаһандық қауымдастық құру идеясына басты назар аударады. Ал дамыған мемлекеттерге келетін болсақ, Қытай мұндай елдермен қарым-қатынасын «ортақ мүдделер қауымдастығы» (利

益共同体 *lìyì gòngtóngtǐ*) деп атайды [8]. Сонымен қатар, кейбір мақалаларда Қытайдың «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» құру ісін Еуразия мен Африка құрлықтары және Оңтүстік Тынық мұхиты аймағына бағыттайтындығы да жазылады [18]. Бұл аталмыш тұжырымдаманың көп жағдайда әлемнің дамушы елдеріне арналғандығын көрсетеді. Сонымен бірге, Қытай «ортақ тағдыр» сөзін қолдану арқылы өзінің әлі де болса дамушы елдер қатарына жататындығын және өзінің алға қойған мақсаттарының әлемнің басқа да дамушы елдерінің мақсаттарымен сәйкес келетіндігіне назар аудартқысы келеді деп тұжырымдауға болады. Бұл жерде осы жағдай мен 1955 жылы сәуір айында Индонезияның Бандунг қаласында өткен Азия және Африка елдерінің конференциясындағы Қытайдың тәжірибесі арасында ұқсастықтар табуға болады. Аталмыш конференция нәтижесінде Қытай өз тарихы мен халқының санасында «ұлттық езгінің жүз жылы» (百年国耻 *bǎinián guóchǐ*) деген атпен белгілі өзінің жартылай отар болған тәжірибесін Азия және Африка елдеріне ортақ тәжірибе ретінде таныта отырып, өзін сол кезеңдегі «үшінші әлем елдерінің» көшбасшысы ретінде көрсетуге ұмтылған болатын. Ол кезеңдегі ортақ тағдыр – Қытайдың да, Азия және Африка елдерінің де отар болуы болса, қазіргі кезеңдегі ортақ тағдыр – Қытайдың және Еуразия, Африка құрлығы елдерінің басым бөлігінің дамушы мемлекеттер екендігінде.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, «бейбіт даму» тұжырымдамасы секілді «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасының мақсаты бір, яғни, ол – көрші мемлекеттер мен әлем елдеріндегі «қытайлық қауіп» туралы күдіктерді жоққа шығару және Қытайдың экономикалық дамуына қолайлы халықаралық жағдай жасау [19]. Сонымен бірге, осы тұжырымдама арқылы ҚХР халықаралық қатынастарда бұрынғы «қырғи қабақ» соғыс түсінігі әлі күнге дейін басым болып отырғандығына, оның ХХІ ғасырдың шынайылығына сәйкес келмейтіндігіне және одан тез арада арылу қажет екендігіне назар аудартуға тырысады.

«Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасын жүзеге асырудың мәселелеріне келетін болсақ, Қытай басшылығы аталмыш тұжырымдамаға мағынасы жағынан, бағытталған мемлекеттер және нақты іс-шаралар бойынша әлі нақты анықтама берген жоқ. Бұл тұжырымдама нақты айқындалмағандықтан көп жағдайда жай ұран секілді көрінеді. Нақты берілген анықтама мен айқын мазмұнының болмауына байланысты «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы өзге мемлекеттердің Қытайға қатысты сенімін оятудан гөрі, күдігі мен үрейін арттыруы мүмкін деген де болжам бар [20].

Аталмыш тұжырымдаманың Қытайдың сыртқы саяси бағытына әкелетін өзгерістеріне тоқталып өткен жөн. Біріншіден, осыған дейінгі кезеңдермен салыстарғанда алдағы уақытта сыртқы саясатта ҚХР өте белсенді және даулы мәселелерді шешуде табанды болуын жалғастыра беретін болады. Мұндай белсенділік 2009-2010 жылдары Қытайдың көршілес елдермен даулы аралдар мәселесінің қайта ушығуымен басталып, қазіргі таңда ҚХР-дың «Бір жол - бір белдеу» секілді бастамаларды ұсынуымен және оны жүзеге асыруда белсенді әрекет ете бастауымен өз жалғасын тауып отыр.

Екіншіден, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы Қытайды экономикалық протекционизм, терроризм, климаттың өзгеруі, босқындар мәселесі және т.б. секілді жаһандық мәселелерді шешуде алдыңғы қатарда болуға итермелейтін болады. Осы орайда Қытай Конфуций, Мэн-цзы секілді ежелгі Қытай ойшылдарының ынтымақтасты, үндестікті насихаттайтын идеяларын негізге ала отырып, әлемнің барлық мемлекеттерін олардың саяси, экономикалық және мәдени түрлілігіне қарамастан ұйымдасуға үндеуін жалғастыратын болады.

Үшіншіден, аталмыш тұжырымдама Қытайдың әлемдегі оң имиджін қалыптастыруға бағытталған бағдарлама рөлін атқаратын болады, себебі бұған дейін қолданылып келген «бейбіт даму» тұжырымдамасы басқа елдерді Қытайдың оң пиғылда әрекет ететіндігіне толықтай көндіре қойған жоқ. Мұндай өзгерістер ҚХР сыртқы саяси тарихында Бандунг

конференциясынан кейін болмаған Қытайдың халықаралық қатынастардағы бастамалық, көшбасшылық рөлін арттыратындығы сөзсіз.

Қорытынды. «Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы ҚХР сыртқы саясатында жаңа кезеңнің басталғандығын білдіреді. Ол Қытайдың қазіргі ең басты сыртқы саяси бастамасы «Бір белдеу - бір жол» жобасының идеологиялық бөлігі деп сеніммен қорытындылауға болады. Сонымен қатар, аталған тұжырымдаманы Қытай басшылығының маңызды халықаралық жиындарда белсенді түрде насихаттауы ҚХР-дың халықаралық сахнада өзінің артып келе жатқан қуатына сай әрекет етуіне ұмтылатындығын білдіреді. Мұндай ұмтылыс Қытайдың жаһандық басқару бойынша іс-шаралар шеңберінен айқын көрініс табады. Осылайша, аталмыш тұжырымдаманың ҚХР-дың қазіргі сыртқы саясатындағы басым қағида – «жетістіктерге қол жеткізу» стратегиясының ажырамас бөлігі екендігі байқалады. Алайда, «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы жиі айтылып, сараптамалық ортада кең талқыланса да, оның мазмұны әлі күнге дейін нақты анықталмаған. Ал, оның мақсаты Қытайдың ішкі саясаттағы басты ұмтылысы – «Қытайлық арман» жоспарын, ал сыртқы саясаттағы негізгі бастама – «Бір белдеу - бір жол» жобасын жүзеге асыру барысында идеологиялық негіз болу. Сондықтан аталмыш тұжырымдама қазіргі таңда Қытайдың сыртқы саясатында маңыздылығы жағынан «бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасымен» бір деңгейге көтерілген бірден бір тұжырымдамаға айналып отыр.

«Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы жаңа түсінік болғандықтан және оның мазмұнының айқын болмауы бұл тақырып бойынша ауқымды, жүйелі және терең зерттеулердің жасалуын қажет ететіндігі сөзсіз. Ол үшін ең алдымен Қытай басшыларының аталмыш тұжырымдаманы насихаттаған сөздері, сыртқы саяси бастамалары мен түрлі іс-шаралары негізге алынуы тиіс. Сонымен қатар, аталмыш тұжырымдаманың қамтитын географиялық кеңістігіне де мән берілген жөн.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Xuetong Y. From Keeping a Low Profile to Striving for Achievement // The Chinese Journal of International Politics – 2014. – Т. 2. № 7. - С. 153-184.
- 2 Smith S.N. Community of Common Destiny: China's 'New Assertiveness' and the Changing Asian Order // International Journal – 2018. – Т. 3. № 73. - С. 449-463.
- 3 Китай не собирается менять отношения с Казахстаном – казахстанский эксперт [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <https://www.caravan.kz/gazeta/kitajj-ne-sobiraetsya-menyat-otnosheniya-s-kazakhstanom-kazakhstanskijj-ehkspert-404151/> (алынған күні: 29.01.2019)
- 4 «Сообщество единой судьбы» - новая концепция для Китая и Центральной Азии? Интервью с Айдаром Амребаевым [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <https://caa-network.org/archives/10728> (алынған күні: 29.01.2019)
- 5 Zhao Q. Chinese Foreign Policy in the Post-Cold War Era // World Affairs – 1997. – Т. 3. № 159. - С. 114-115.
- 6 Lanteigne M. Chinese Foreign Policy: An Introduction: монография / Lanteigne M. – А.: Routledge, 2009. – 158 с.
- 7 Портяков В.Я. Внешняя политика Китайской Народной Республики в XXI столетии: монография / В.Я. Портяков. – М.: ИДВ РАН, 2015. – 280 с.
- 8 Zhang D. The Concept of 'Community of Common Destiny' in China's Diplomacy: Meaning, Motives and Implications // Asia and Pacific Policy Studies – 2017. – Т. 2. № 5. - С. 196-207.
- 9 Текст Конституции КНР [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: https://chinalaw.center/constitutional_law/china_constitution_revised_2018_russian/ (алынған күні: 15.10.2018)

- 10 Ying F. China's Vision for the World: A Community of Shared Future [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <https://thediplomat.com/2017/06/chinas-vision-for-the-world-a-community-of-shared-future/> (алынған күні: 18.09.2018)
- 11 Mardell J. The 'Community of Common Destiny' in Xi Jinping's New Era [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <https://thediplomat.com/2017/10/the-community-of-common-destiny-in-xi-jinpings-new-era/> (алынған күні: 17.09.2018)
- 12 Xi Jinping Attends General Debate of the 70th Session of the UN General Assembly [Электрон. ресурс]. – 2015. – URL: https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/topics_665678/xjpdmgjxgswbcxlhgcl70znlfh/t1304144.shtml (алынған күні: 20.09.2018)
- 13 Full text of Chinese President's speech at Boao Forum for Asia [Электрон. ресурс]. – 2015. – URL: https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/wjdt_665385/zyjh_665391/t1250690.shtml (алынған күні: 20.09.2018)
- 14 Мир по-китайски? Итоги съезда крупнейшей компартии мира [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <https://mk-kz.kz/articles/2017/11/01/mir-pokitayski-itogi-sezda-krupneyshey-kompartii-mira.html> (алынған күні: 29.01.2019)
- 15 Rolland N. Examining China's Community of Common Destiny [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.power3point0.org/2018/01/23/examining-chinas-community-of-destiny/> (алынған күні: 15.10.2018)
- 16 Xi Jinping's Keynote Speech at the World Economic Forum [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: http://www.china.org.cn/node_7247529/content_40569136.htm (алынған күні: 21.09.2018)
- 17 To reform to build a community of common destiny for mankind [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <http://en.people.cn/n3/2018/1105/c90000-9514813.html> (алынған күні: 29.01.2019)
- 18 Chen Z. The Practical Way of the Community of Common Destiny for All Mankind // *Advances in Social Science, Education and Humanistic Research* – 2018. – Т. 205. - С. 827-831.
3. Nevskaya I., Tazhibayeva S. 2015 b. Sociolinguistic situation of Oguz Turks in post-Soviet Kazakhstan In: Oguzlar. Dilleri, Tarihleri ve Kulturleri – Ankara, 2015 – P. 321-334. – ISSN 978-975-491-405-4. Katamba F. English Words. – New York: Routledge, 1994. – 282 p.
4. Geipel J. The Viking Legacy. – Newtown Abbot: David & Charles, 1971. – 225 p.
5. Шаймердинова Н.Г. Знания о древнетюркском мире сквозь призму русского языка. Материалы международного научного симпозиума 25-27 мая 2010 года // Русский язык – язык мировой науки и высшего образования. – Бишкек, 2010. – С.50
6. Алиев Ф.Ф. Очерки по лексике языка турок Казахстана. – А-Ата: Наука, 1978. – 100 с.

А.Е. Абдрасимова, Б.С. Жиёмбай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасындағы түрік диаспоралары тіліндегі қазақ және орыс тілінен енген кірме сөздер

Аннотация. Мақала Қазақстан аумағында тұратын түркі диаспоралары тіліне қатысты зерттеулер негізінде жазылған. Түрік диаспорасының тіліне қазақ және орыс тілдерінің әсері мысалдар негізінде, сөз тіркестері, сөйлем арқылы талданып көрсетіледі. Кірме сөздер тіларалық қарым-қатынаста бөгде тілдік элементтердің

пайда болуымен (әсіресе, сөз немесе морфема) әрі енуі арқылы түсіндіріледі. Кірме сөздер негізінде сөздік қор негізгі дереккөздермен толығып, қалыптасып отырады. Кірме сөздер лексикасы тілдік топтар арасында этникалық байланыстарды, әлеуметтік, экономикалық және мәдени байланыстарды ашып көрсетеді. Сонымен қатар мақалада қазақ және түрік тілдерінің салғастырмалы талдауы жасалып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады. Қазақстандағы тіл жағдаятына сараптама жасалады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, түрік тілі, орыс тілі, кірме сөздер, диаспора.

A.E. Abdrassimova, B.S. Zhiyembay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Kazakh and Russian borrowings in the language of the Turkish Diaspora of the Republic of Kazakhstan

Abstract. This scientific article is devoted to studies concerning the languages of the Turkic diasporas living in Kazakhstan. The influence of the Kazakh and Russian languages on the language of the Turkish diaspora is considered, examples are borrowings of words, phrases and even sentences. Borrowing, the process as a result of which some foreign language element appears (first of all, a word or a full-valued morpheme) in the language; also such foreign element itself. Borrowing is an integral component of the process of functioning and historical change of the language, one of the main sources of vocabulary replenishment. The borrowed vocabulary reflects the facts of ethnic contacts, social, economic and cultural ties between linguistic groups. The article also provides a comparative analysis of the Kazakh and Turkish languages, identifying their similarities and differences. The analysis of the language situation in Kazakhstan is given.

Key words: Kazakh language, Turkish language, Russian language, borrowing, diaspora.

References

1. Krysin L.P. Inojazychnye slova v sovremennom russkom jazyke [Foreign words in the modern Russian language] (Nauka, Moscow, 1968)
2. Gumbol'dt V. Fon. Harakter jazyka i harakter naroda [The nature of language and the character of the people] (Progress, Moscow, 1985)
3. Katamba F. English Words (Routledge, New York, 1994)
4. Geipel J. The Viking Legacy (David & Charles, Newtown Abbot, 1971)
5. Shaymerdinova N.G. Znaniya o drevnetjurkskom mire skvoz' prizmu russkogo jazyka [Knowledge of the ancient Turkic world through the prism of the Russian language]. Materialy mezhdunarodnogo nauchnogo simpoziuma Russkij jazyk – jazyk mirovoj nauki i vysshego obrazovaniya [Materials of the international scientific Symposium Russian is the language of world science and higher education], Bishkek, 2010 [in Russian]
6. Aliev F.F. Ocherki po leksike jazyka turok Kazahstana [Essays on the vocabulary of the language of the Turks of Kazakhstan] (Nauka, Alma-Ata, 1978)

Сведения об авторах:

Әбдірәсімова А.Е. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Жиембай Б.С. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Abdrassimova A.E. – PhD Student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

Zhiyembay B.S. – PhD Student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 1 (126)/2019, pp. 163-169
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

FTAMP 13.61.01

Н.Н. Кадримбетова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: n.kadrimbetova@gmail.com)

Қазақстандағы тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау мәселелері

Аннотация. «Қазақ жері – қазақ халқының ғана емес бүкіл түркі дүниесінің лабораториясы». Бүтін түркі дүниесінің өзегі қазақ жерінде сақталған. Бүгінгі таңда қазақ қоғамының мәдениет саласындағы негізгі мақсаттарының бірі еліміздегі тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін тиімді сақтау және белсенді пайдалану арқылы рухани жаңаруды көздейді. Осыған орай, мақалада ескерткіштерді сақтау тарихы қарастырылып, оларды сақтау мен қорғауға бағытталған ең алғашқы нормативтік құқықтық актілерге сипаттама берілді. Сонымен қатар, Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен олардың жалпы жағдайы қарастырылып, бүгінгі күннің өзекті мәселелері қозғалды. Қазіргі уақытта тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын реттейтін халықаралық және ұлттық заңнама туралы ақпарат беріліп, осы бағытта жүзеге асырылып жатқан шаралар талданды.

Түйін сөздер: Бүкіләлемдік мұра, тарихи-мәдени мұра, ескерткіштер, сақтау, қорғау, дәріптеу.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-163-169>

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы – ұлттық тарихи жады қоймасы. Осы аумақта тіршілік еткен адам, этнос және қоғамның қалыптасуы мен дамуының қайнар көзі. Тарихи-мәдени мұраны жоғалту ұлттық тарихи жадының үзілуіне алып келеді. Оның орнын өркендеген заманауи мәдениет те, бірегей тың туынды да толықтыра алмайды.

Бүгінгі таңда қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтау мәселесі ерекше саяси маңызға ие. Аталған мәселені қолға алмай, көш басындағы елдермен терезені теңестіру және тәуелсіздігімізді баянды ету мүмкін емес. Осыған орай, кейінгі жылдары елімізде бірқатар стратегиялық ұлттық бағдарламалар қабылданып, осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіле бастады.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау тарихына үңілсек, ең алғаш көне заманның ескерткіштерін қорғауға бағытталған «Мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы» заң XVII ғ. ортасында, яғни 1660 жылы 28 қарашада Швецияның Мемлекеттік Кеңесімен қабылданды [1, 197 б.]. Заңның мәтіні – ғасырлар бойы сақталған саяси даналықтың куәсі. Аталған Заң бойынша: «1) бекіністер, тас қамалдар, тас қорымдар, қорғандар, көне үйлер мен кішігірім бекіністердің қирандылары, иеліктер шекарасының белгілері; 2) шайқас алаңдары; 3) шіркеуге салынған көркемсуреттер; 4) руникалық және монастырь кітаптары, заңдар мен қиссалар жазылған кітаптар; 5) эпикалық поэмалар, жазылып алынуы тиіс аңыз-әңгімелер мемлекет қорғауына алынды [1, 192 б.].

XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. бірінші жартысында тарихи-мәдени мұраны сақтауға қатысты нормативтік құқықтық құжаттар Дания, Белгия, Пруссия мен Саксонияда қабылданды [2, 117 б.].

Ресейде тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы алғашқы актілерді 1718-1722 жылдары Петр I жариялады. Ал 1826 жылы император Николай I бұйрығымен Ішкі

истер министрі «Ежелгі қамалдар, бекіністер мен басқа да ғимараттарды қорғау туралы» циркулятор басып шығарды [3, 10 б.].

АҚШ-та тарихи ескерткіштерді қорғауға бағытталған «Ескіліктер туралы» заң алғаш рет 1906 жылы қабылданып, осы заңға сәйкес АҚШ президентіне федералды әкімшілікке қарасты жерде орналасқан объектілерді қорғалатын ескерткіштер категориясына енгізу өкілеттігі берілді [4, 119 б.].

Англияда ортағасырлық ескерткіштерге деген қоғамдық қызығушылық XVIII ғ. басында пайда болды. Осы уақытта қорғалуы тиіс маңызды ескерткіштер сипатталған мақалалар жариялана бастады. 1877 жылы Ұлыбританияның архитектуралық мұрасын қорғау және қалпына келтірумен айналысқан бірінші ұйым – «Ежелгі ғимараттарды қорғау қоғамы» құрылды. Оның негізін белгілі өнертанушы, суретші және әлеуметтік реформатор Уильям Моррис қалады. Бұл қоғамның құрамында тарихшы және философ Томас Карлейль, критик және публицист Джон Рескин, кескіндемеші Эдуард Коли Бёрн-Джонс, архитекторлар Филипп Уэбб, Эрнест Джимсон және т.б. еңбек етті [5, 459 б.]. Ал, Ұлыбританиядағы ең алғашқы ежелгі ескерткіштер туралы арнайы заң 1882 жылы қабылданды [6, 27 б.].

Францияның ескерткіштерді сақтауды реттейтін «Тарихи ескерткіштер туралы» негізгі заңы 1913 жылы 31 желтоқсанда бекітілді. Аталған заңға әр жылдары (1927, 1941, 1943, 1966, 1967, 1970, 1976, 1980, 1983) өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, Ұлттық игіліктер Кодексінің негізі қаланды [7, 135 б.].

XX ғасырдың 70 жылдары дүниежүзілік қауымдастық тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз етуде айтарлықтай кедергілерге тап болды. Мұндай кедергілер табиғи апат, ашаршылық, соғыс жағдайлары секілді табиғи және жасанды факторлардың салдарынан туындады. Осыған орай, тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау бойынша бірегей халықаралық-құқықтық стандарттарды әзірлеу қажеттілігі туындады. Бұл функцияны 1946 жылы құрылған басты халықаралық үкіметаралық ұйым – ЮНЕСКО (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization – UNESCO), яғни Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі беделді ұйымы өз қолына алды. Осылайша, 1972 жылы 16 қарашада ЮНЕСКО-ның қатысуымен Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау конвенциясы қабылданды¹⁸. Конвенцияны әлемнің 185 мемлекеті бекітті. Қазақстан бұл құжатты 1994 жылы ратификациялады.

«Конвенцияны ратификациялаған әрбір мемлекет – осы Конвенцияның 1-бабында көрсетілген және өзінің территориясында орналасқан мәдени мұраларды анықтау, қорғау, сақтау, дәріптеу және болашақ ұрпаққа тапсыруды қамтамасыз етуге міндеттелді»¹⁹.

2016 жылғы деректерге сүйенсек, Бүкіләлемдік мұра тізіміне әлемнің 1114 объектісі, соның қатарында 856 мәдениет ескерткіштері, 222 табиғи және 36 аралас объектілер енгізілген. Соның ішінде, Қазақстаннан Бүкіләлемдік мұра тізіміне 2 мәдениет және тарих ескерткіші – Түркістан облысының Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі (2003) және Алматы облысы Жамбыл ауданының аумағында орналасқан Тамғалы археологиялық ландшафты петроглифтері (2004) енгізілді. Бұдан өзге, 2014 жылы Қазақстан Бүкіләлемдік мұра тізіміне Доха қаласында (Катар) өткен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра комитетінің 38-сессиясы барысында Қытай және Қырғыз Республикаларымен бірлесе отырып, сериялық трансұлттық бірегей «Жібек жолы: Чанъань-Тяньшань дәлізі» номинациясымен Алматы және Жамбыл облыстарында орналасқан сегіз ежелгі қалашықты енгізді [8].

Бұл ескерткіштердің үшеуі – Алматы облысының Талғар ауданында орналасқан Талғар, Сарқан ауданындағы Қойлық, Балқаш ауданындағы Қарамерген қалашықтары, ал бесеуі – Жамбыл облысының Шу ауданындағы Баласағұн (Ақтөбе), Т. Рысқұлов ауданындағы Құлан мен Ақыртас сарай кешені және Жамбыл ауданындағы Өрнек, Қостөбе қалашықтары болып табылады.

¹⁸ Парижская конвенция об охране всемирного культурного и природного наследия от 16 ноября 1972 г. (ЮНЕСКО, акты Генеральной конференции, 17-я сессия. Резолюции. – С. 145-157).

¹⁹ <https://whc.unesco.org/archive/convention-ru.pdf>

Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұра – ЮНЕСКО тарапынан бекітілген, адамзат үшін айрықша тарихи, мәдени, табиғи маңызы зор деп танылған, адам қолымен немесе табиғаттың күшімен жасалған объектілер.

Қазақстан өз кезегінде Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау Конвенциясын ратификациялау арқылы сол ескерткіштерді сақтауға міндеттелді. Осы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуде халықаралық дәрежедегі ескерткіштер орналасқан аумақтың жергілікті атқарушы органдарының рөлі зор болуы тиіс. Алайда, ескерткіштердің басым бөлігінің бүгінгі жағдайы көз қуантпайды және елімізде аталған міндеттемені орындамау фактілері де орын алып тұратынын атап өту қажет.

Мәселен, тарих және мәдениет ескерткіштеріне қауіп төндіретін құрылыс және өзге де жұмыстарды тоқтата тұру, сондай-ақ оларға тыйым салу жөніндегі заңнаманың болуына қарамастан²⁰, немқұрайлықтың салдарынан Қожа Ахмет Ясауи мавзолей орналасқан аумаққа жақын жерде стилі ерекше, көлемі, биіктігі және көркемдігі жағынан тарихи ескерткіштен асып түсетін әралуан ғимараттар көптеп салынып жатады. Осы сияқты шараларды жүзеге асыру арқылы халықаралық ұйымды және әлемдік мұраға жанашырлық танытатын әлемдік қауымдастықтарды біздің таңқалдырып тұратынымыз жасырын емес.

Атап айтсақ, соңғы жылдары Ахмет Ясауи мавзолейіне жақын жерде салынған қонақ үй кешенінің құрылысы ЮНЕСКО тарапынан айтарлықтай наразылық тудырды. Бұл ЮНЕСКО-ның ескерткішті Бүкіләлемдік мұраның негізгі тізімінен шығарып, қауіп төніп тұрған объектілер тізіміне енгізу жөнінде біржақты шешім қабылдауына барлық жағдайларды өз тарапымыздан туғызып отырмыз деген сөз. ЮНЕСКО тарапынан Мавзолейді қауіп төніп отырған ескерткіштер тізіміне көшіру жөнінде елімізге бірнеше ескертулердің болғаны да белгілі және солай болған жағдайда ол Қазақстанның абыройын арттырмасы анық еді.

Тарихқа назар аударсақ, Грузия 2009 жылы Бүкіләлемдік мұра тізімінен қауіпті халге көшірілген өзінің Мцхеты тарихи ескерткіштерін негізгі тізімге қайта енгізуге тек 2016 жылғы шілдеде, 7 жылдан кейін ғана ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра комиететінің Ыстанбұл қаласында өткен 40-сессиясында қайтаруға мүмкіндік алды. Қазіргі кезде Бүкіләлемдік мұра тізімінде барлығы 1114 ескерткіш болса, оның 48-і қауіп төніп тұрған тізімде және бұл ескерткіштердің барлығы табиғи апатқа, ашаршылыққа, соғыс жағдайына ұшыраған Африка құрлығының (Конго, Танзания, Нигер, Микронезия және т.б.) дамуы баяу қалған елдерінің немесе Сирия, Ауғанстан, Ливия, Ирак сияқты соғыс ұшқындары бар елдердің аумағында орналасқан.

Сонымен қатар, әлемдік мұралар саны бойынша көшбасшы елдер Италия - 47, Испания - 45, Қытай - 44, Франция - 40-қа жуық [8] ескерткіштердің бабын тауып, оларды сақтап, қорғауды қамтамасыз етіп отырғанын назарға алсақ, біздегі бір архитектуралық ескерткіштің жағдайын жасамау сын көтермейтін мәселе екенін де ескеру қажет.

Бүгінде еліміздегі тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы және «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңымен реттелген.

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мәдениетті жасау, жаңғырту, сақтау, дамыту, дәріптеу және пайдалану саласындағы Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реттейді, сонымен қатар мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастыру негіздерін белгілейді.

Осы Заңның 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі принциптері мәдениетті мемлекеттік қолдау, Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау мен дамыту, тарихи және мәдени мұраны қорғау, олардың дамуында сабақтастықты т.б. қамтамасыз ету болып табылды.

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңмен тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мақсаттар, міндеттер мен құқықтық негіздер белгіленген.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған заңнамалық актілермен қоса мәртебесі әртүрлі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану, қорғау, сақтау және басқарудағы негізі мәселелерді қозғайтын және реттейтін оннан аса заңнамалық нормативтік актілер бекітілді:

1) Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 219 бұйрығы;

2) Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарын айқындау және пайдалану режимінің қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 156 бұйрығы;

3) Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 157 бұйрығы;

4) Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, мәртебе беру және мәртебесінен айыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 118 бұйрығы;

5) Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 74;

6) Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 29 бұйрығы;

7) Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 369 бұйрығы;

8) Тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 367 бұйрығы.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспарына сәйкес, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңын жаңа редакцияда әзірлеу көзделген. Осыған орай, жаңа заңнамада Бүкіләлемдік мұра конвенциясы мен Консультативтік миссия тарапынан заңнамалық және институционалдыққа қатысты берілген ИКОМОС-тың ұсынымдары (2016 жылғы наурыздағы) барынша жүзеге асырылады деп күтілуде.

Сонымен бірге, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 145-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін төмендегідей жауапкерлікке тартулар қарастырылған:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау қағидаларын бұзушылықтар;

2) тарих және мәдениет ескерткіштерін күтіп-ұстаудың қорғау міндеттемелерінде жазылған шарттарын бұзушылықтар;

3) монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату қағидаларын бұзушылықтар;

4) тарих және мәдениет ескерткіштерінің орнын заңсыз ауыстыру және оларды өзгерту;

5) аумақтарды игеру кезінде жер учаскелері бөліп берілгенге дейін тарихи, ғылыми,

көркемдік және өзге де мәдени құндылығы бар объектілерді анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізбеу;

б) тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталып тұруына қатер төндіруі мүмкін жұмыстарды жүргізу түрінде жасалған бұзу – жүргізіліп жатқан жұмыстарды тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қорыта айтқанда, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар мен атқарылуы тиіс шаралар жетерлік. Түркияның танымал ғалымдарының бірі, тарихшы Ахмет Ташағыл айтқандай «қазақ жері – қазақ халқының ғана емес бүкіл түркі дүниесінің лабораториясы. Бүтін түркі дүниесінің өзегі қазақ жерінде сақталған» [12]. Сондықтан, қазақ жерінің лабораториясында сақталған тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін анықтау, тиісті деңгейде сақтау, пайдалану және оны келешек ұрпаққа табыстау бүгінгі күннің негізгі көкейкесті мәселелерінің бірі болып қала береді. Осыған орай, аталған мәселе бойынша алдағы уақытта зерттеулер жалғасын табатын болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Оттенсон А. Памятники культуры во все времена были объектом охраны государства. // Советское право. – 1985. – № 3. – С. 192-198.
- 2 Жуков Ю. Н. Роль права в охране культурно-исторического наследия в первый год Советской власти // Советское государство и право. - 1983. - № 11. - С. 117-122.
- 3 Жуков Ю. Н. Сохраненные революцией. - Москва: Московский рабочий, 1985.- 207 с.
- 4 Домрин А. Н. Законодательство США об охране памятников национального значения // Правовая охрана памятников истории и культуры в зарубежных странах: сб. науч. тр. // РАН ИНИОН, Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ. – 2005. – С. 119-134.
- 5 Моррис У. Разрушение городских церквей: письмо редактору «Таймс», 17 апреля 1878 года // Моррис У. Искусство и жизнь: избранные статьи, лекции, речи, письма / сост. А.А. Аникст. - Москва: Искусство, 1973. – 459-461 с.
- 6 Домрин А. Н. Охрана памятников истории и культуры в Великобритании //Правовая охрана памятников истории и культуры в зарубежных странах: сб. науч. трудов // РАН. ИНИОН, Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ. – 2005. – С. 26-42.
- 7 Пилипенко А.Н. Охрана памятников культуры во Франции // Правовая охрана памятников истории и культуры в зарубежных странах: сб. науч. трудов // РАН. ИНИОН, Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ. – 2005. – С. 135-143.
- 8 Молдабергенова Ж.С. Ескерткіштерімізді сақтай білейік [Электронный ресурс]. – 2016. – URL: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=39420> (қарастырған мерзімі: 06.10.2016).
- 9 Ахмет Ташағыл. Қазақ тарихы өте бай [Электронный ресурс]. – 2014. – URL: <https://e-history.kz/kz/video/view/778> (қарастырған мерзімі: 25.09.2014).

Н.Н. Кадримбетова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Вопросы сохранения объектов историко-культурного наследия в Казахстане

Аннотация. «Казахская земля - это лаборатория не только казахского народа, но и всего тюркского мира». Ядро всего тюркского мира сохранилось на казахской земле. В настоящее время одной из основных целей казахского общества в области культуры является духовное возрождение путем эффективного сохранения и активного использования памятников историко-культурного наследия. В связи с этим в статье рассматривается история сохранения памятников, а также описываются первые нормативные правовые акты, направленные на их сохранение и охрану. Кроме того, были рассмотрены памятники историко-культурного наследия, включенные в Список всемирного наследия и определены их общее положение и актуальные вопросы современности. Проанализирована международное и национальное законодательство, регулирующее сохранение памятников историко-культурного наследия и дана информация о принятых мерах в данном направлении.

Ключевые слова: всемирное наследие, историко-культурное наследие, памятники, сохранение, охрана, пропаганда.

N.N. Kadrimbetova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Issues of preservation of historical and cultural heritage objects in Kazakhstan

Abstract. «The Kazakh land is a laboratory not only of the Kazakh people, but also of the whole Turkic world». The core of the Turkic world is preserved on the Kazakh land. Today, one of the main goals of the Kazakh society in the field of culture is the spiritual renewal through the effective preservation and active use of historical and cultural heritage. In this regard, the article considers the history of preservation of monuments, as well as the first regulatory legal acts aimed at their preservation and protection. In addition, the monuments of historical and cultural heritage included in the world heritage list and their general situation were considered and current issues were identified. The international and national legislation regulating preservation of historical and cultural heritage monuments is analysed and information on the taken measures in this direction is given.

Key words: World Heritage, historical and cultural heritage, monuments, preservation, protection, promotion.

References

1. Ottenson A. Pamyatniki kultury vo vse vremena byli obyektom okhrany gosudarstva [Monuments of culture at all times have been the object of state protection], *Sovetskoye pravo* [Soviet law], (3), 192-198 (1985).
2. Zhukov YU.N. Rol prava v okhrane kulturno-istoricheskogo naslediya v pervyy god Sovetskoy vlasti [The role of law in protecting the cultural and historical heritage in the first year of Soviet power], *Sovetskoye gosudarstvo i pravo* [Soviet state and law], (11), 117-122 (1983).
3. Zhukov YU.N. Sokhranenie revolyutsiy [Saved by the revolution], (Moscow worker, Moscow, 1985).
4. Domrin A. N. Zakonodatelstvo SSHA ob okhrane pamyatnikov natsionalnogo znacheniya [USA law on the protection of monuments of national significance]. *Pravovaya okhrana pamyatnikov istorii i kultury v zarubezhnykh stranakh: sbornik nauchnykh trudov* [Legal protection of monuments of history and culture in foreign countries: a collection of scientific papers]. RAN INION, Institut zakonodatelstva i sravnitel'nogo pravovedeniya pri Pravitelstve RF [RAS INION, Institute of Legislation and Comparative Law under the Government of the RF], 119-134 (2005).
5. Morris U. Razrusheniye gorodskikh tserkvey: pismo redaktoru «Tayms», 17 aprelya 1878 goda [The destruction of urban churches: a letter to the editor of The Times, April 17, 1878], Morris U. *Iskusstvo i zhizn: izbrannyye stati, lektsii, rechi, pisma* [Morris U. Art and

life: selected articles, lectures, speeches, letters], sostavil A.A. Anikst [compiled by A.A. Anikst]. (Art, Moscow, 1973).

6. Domrin A. N. Okhrana pamyatnikov istorii i kultury v Velikobritanii [The protection of historical and cultural monuments in the Great Britain], Pravovaya okhrana pamyatnikov istorii i kultury v zarubezhnykh stranakh: sbornik nauchnykh trudov [Legal protection of monuments of history and culture in foreign countries: a collection of scientific papers]. RAN INION, Institut zakonodatelstva i sravnitel'nogo pravovedeniya pri Pravitel'stve RF [RAS INION, Institute of Legislation and Comparative Law under the Government of the RF], 26-42(2005).

7. Pilipenko A.N. Okhrana pamyatnikov kultury vo Frantsii [Protection of cultural monuments in France], Pravovaya okhrana pamyatnikov istorii i kultury v zarubezhnykh stranakh: sbornik nauchnykh trudov [Legal protection of monuments of history and culture in foreign countries: a collection of scientific papers]. RAN INION, Institut zakonodatelstva i sravnitel'nogo pravovedeniya pri Pravitel'stve RF [RAS INION, Institute of Legislation and Comparative Law under the Government of the RF], 135-143 (2005).

8. Moldabergenova J.S. Eskertkişterimizdi saqtay bileyik [Let's keep our monuments]. Available at: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=39420> (accessed 06.10.2016).

9. Axmet Tashagyl. Kazakh tarixy ote bay [The Kazakh history is very rich]. Available at: <https://e-history.kz/kz/video/view/778> (accessed 25.09.2014).

Автор туралы мәлімет:

Kadrimbetova N.N. – түркітану кафедрасының 6D021200 – Түркітану мамандығы бойынша 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Kadrimbetova N.N. – PhD Student of the 1st course of the specialty 6D021200 -Turkology, Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

МРНТИ 03.61.91:03.41

М.С. Калдыбаев

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: nami-astana@mail.ru)

Антропоморфизм погребально-поминальных сооружений тюркских народов

Аннотация. Объектом исследования в настоящей статье являются погребально-поминальные сооружения тюркских народов средневековья и нового времени. Исследуется вопрос трансформации традиции сооружения древнетюркских антропоморфных скульптур. Древнетюркские каменные изваяния – довольно известный феномен, в настоящее время относительно хорошо изученный исследователями. Затронута проблема семантики древнетюркских антропоморфных изваяний (VI – IX вв.), кыпчакской скульптуры (X – XIII вв.). В более поздние периоды, под влиянием ислама, данная традиция перестает существовать. Цель работы – выявить возможные проявления данной традиции в позднем средневековье и в новом времени. В рамках поставленной цели проанализированы некоторые типы сооружений казахов, кыргызов, сибирских татар. В частности, казахские кулпытасы, казахские и кыргызские тулы, надмогильные столбы сибирских татар. Постулирована возможность генетической преемственности данных сооружений и древнетюркских каменных изваяний.

Ключевые слова: тюрки, изваяния, доисламские представления, доисламские реликты, погребальный обряд, надмогильные сооружения.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-170-176>

Погребально-поминальный обрядовый комплекс является одним из наиболее консервативных в системе обрядов любой культуры. Известно, что в погребально-поминальном обряде ряда современных тюркских народов присутствуют древние элементы, дошедшие из доисламского периода. В рамках данной статьи мы попытаемся выявить возможность проявления древнетюркского обычая установки каменных изваяний у тюркских народов в период этнографической современности.

Древнетюркские каменные изваяния VI-VIII в. чаще всего изображают мужчин с оружием на поясе и сосудом в правой руке. Эти три элемента (пиршественная чаша, пояс и оружие) являются маркировкой эра – воина. В историографии данного вопроса можно выделить две основные точки зрения по поводу семантики данного типа изваяний. Первая из них основывалась на утверждении, что древнетюркские каменные изваяния изображают убитых покойником врагов. Второе постулирует утверждение, что данные изваяния изображают самого покойного. Помимо прочих доводов, обе стороны по-своему анализировали известный отрывок из китайской хроники VII в. Суйшу: «В день похорон, так же, как и в день кончины, родные предлагают жертву, скачут на лошадях и надрезают лица. В здании, построенном при могиле, ставят нарисованный облик покойника и описание сражений, в которых он находился в продолжение жизни. Обыкновенно если он убил одного человека, то ставят один камень. У иных число таких камней простирается до ста и даже до тысячи» [1, с. 190].

В результате достаточно длительной дискуссии, мнение большинства ученых склонилось к тому, что древнетюркские каменные изваяния, как часть -погребально-поминального комплекса, изображают самого покойного [2, с. 27-39; 3, с. 36-37; 4, с. 242].



Рисунок 1. Древнетюркское каменное изваяние
из урочища Кулада, Алтай [5, с. 73]

Древнетюркские изваяния устанавливались у ритуальных прямоугольных оград, с восточной стороны и лицом на восток. В эту же сторону отходили ряды вертикальных балбалов. Исследователи отмечают, что встречаются и более сложные комплексы, которые состоят из двух или нескольких оградок.

Несмотря на то, что до нас дошли, по объективным причинам, в основном каменные изваяния, ряд исследователей предполагает, что устанавливались так же и деревянные. Возможно также, что изначально фигуры сопровождали каждую оградку, однако далеко не все из них сохранились в настоящее время [4, с. 242].

Цитируемая ранее китайская хроника гласит также: «Умершего весной и летом хоронят, когда лист на деревьях и растениях начнет желтеть или опадать; умершего осенью или зимою хоронят, когда цветы начинают разворачиваться» [1, с. 190]. Это замечание показывает, что между смертью человека и его захоронением у древних тюрков могло пройти какое-то, иной раз, достаточно длительное время. При этом актуальным становится вопрос сохранения внешнего облика покойного для совершения необходимых ритуалов и обрядов [4, с. 245-246].




Рисунок 2. Древнетюркское каменное изваяние (Жаксынський район, Акмолинская обл.)

Традиция установки изваяний продолжилась и в более позднее время. Исследовано большое количество антропоморфных кыпчакских изваяний IX – XIII вв., распространенных

на значительной территории Евразии. В частности, С.А. Плетневой уже к началу 1970-х гг. были собраны сведения о 1323 кыпчакских/половецких изваяниях [5]. С.А. Плетнева полагает, что половецкие изваяния являлись свидетельством семейно-родового культа предков, постепенно модифицировавшегося в культ предков-вождей. При этом она высказывает предположение, основанное на записках Г. Рубрука, что наряду с элитарными каменными изваяниями могли иметь место войлочные изображения предков в юртах бедных общинников [6, с. 76].

В период этнографической современности также можно зафиксировать традиции установки поминальных сооружений, имеющих антропоморфный характер. Так, например, у казахов XIX в. зафиксирован обычай установки тула – символического изображения умершего. По сообщению Г.И. Спасского: «По окончании похорон внутри юрты ставят болвана, наряженного в лучшее платье и имеющего сверх него панцирь или кольчугу, а на голове шлем. Пред сим болваном мать, жены и дочери покойного, кроме мужчин, каждое утро и вечер при захождении солнца, стоя на коленях, оплакивают покойника, вспоминая и восхваляя добродетели его, храбрость» [7, с. 162-163].

Анализируя источники, А.Т. Толеубаев сообщает, что данный обычай у казахов изживает себя уже к концу XIX в., однако не исчезает, а трансформируется. Вместо того чтобы изготавливать тул, казахи использовали личные вещи покойного, которые развешивались в юрте, и являлись как бы вместилищем его души [8, с. 106-107].

Обычай изготавливать тул известен также у кыргызов, у которых он сохранился несколько дольше, чем у казахов. Тул у кыргызов мог быть полностью антропоморфным, в виде деревянной куклы с руками, ногами и головой, на которую надевали одежду покойника. В процессе перекочевки тул сажали на лошадь умершего, которую вела его вдова. Другой вид тула представлял собой шести с привязанными траурными флагами, к которым прибавались поперечные планки. На эти планки также надевалась одежда умершего. Тул устанавливался на определенный срок, от 7-10 дней до года. По истечении этого срока тул разламывался и бросался в могилу либо сжигался вместе с одеждой вдовы. Данный элемент уже почти исчезал в первой трети XX в. [9, с. 64]

Еще один элемент поминально-погребальной обрядности, который представляется трансформировавшимся обычаем установки антропоморфных скульптур – это целый ряд различных намогильных сооружений.

Так, например, у сибирских татар зафиксированы орнаментированные деревянные столбы (багам, баган, орна) высотой 1,8-3,5 м, устанавливаемые на кладбищах. Верхняя часть таких столбов покрывается резным призматическим, коническим, сферическим и овоидным орнаментом. Часто такой столб увенчан полумесяцем. Последняя деталь говорит о синкретизме доисламских и исламских представлений. Однако известно, что для таких столбов характерен половой диморфизм. К примеру, столбы в память о мужчине имели остроконечную вершину, в память о женщине же увенчивались гребнем. Отмечается также, что в XIX в. столб нередко увенчивался чалмой. Эти элементы, гребни и чалмы сверху, подчеркивают, что «генетический предок» таких столбов имел антропоморфный характер.

Следует отметить, что исследователи, в частности А.Г. Селезнев и И.А. Селезнева, трактуют намогильные столбы сибирских татар несколько иначе, в частности, ассоциируют их с мировым деревом и коновязью, которая, в свою очередь, также традиционно ассоциируется с мировым деревом [9]. Однако, как нам кажется, головной убор в качестве навершия, замененный впоследствии полумесяцем позволяет предположить элемент антропоморфности.




Рисунок 3. Типы надмогильных столбов тобольских татар. По А.Г. Селезневу, И.А. Селезневой [10, с. 64]

О существовавшем некогда у башкир обычае ставить каменные изваяния һынташ для того, чтобы сохранить облик покойного говорит и М.Н. Сулейманова [11, с. 43]. Каменные сооружения в виде стилизованных изображений человеческого тела были обнаружены на старых башкирских кладбищах.

У казахов до настоящего времени сохранился обычай установки кулпытасов. Ряд деталей позволяет сделать вывод об их изначальной антропоморфности. В целом, сейчас казахские кулпытасы не обязательно имеют антропоморфный характер, однако традиционная их форма позволяет сделать вывод о них.



Рисунок 4. Надмогильные камни казахского кладбища Караоткель, г. Астана

Отдельный интерес представляют кулпытасы Западного Казахстана. С.Е. Ажигали разработал широкую и подробную классификацию стел Арало-Каспийского региона, при этом отдельно выделяя разряд антропоморфных стел, некоторые из которых могут быть датированы очень поздно – второй половиной XIX в. [12, с. 331-333]. Данный исследователь справедливо подчеркивает, что округлое навершие стелы не делает её априорно антропоморфной. Однако отметим, что значительное разнообразие форм западно-казахстанских кулпытасов теоретически может говорить об изначально разной семантике

объектов, объединенных в данный тип. Таким образом, отдельные разряды кулпытасов данного региона имеют семантику, связанную с коновязью и, опосредованно, с мировым деревом. Другие же, совершенно другой формы, антропоморфны и генетически связаны с тюркским обычаем установки человеческих фигур.



Рисунок 5. Различные типы кулпытасов Западного Казахстана по С.Е. Ажигали [12, с. 320 – 334]

Таким образом, предварительно можно сказать, что данный элемент погребально-поминальной обрядности имеет корни в раннем железном веке. В древнетюркское время (VI – IX вв.) он оформляется в практику скульптурного изображения умершего и в более поздние периоды переживает ряд трансформаций. В кыпчакское время (IX – XIII вв.) скульптурные изображения умерших представителей элиты были достаточно широко распространены, но практически исчезают в период монгольских завоеваний и в более позднее время. Очевидно, что ключевым фактором здесь стало распространение ислама, с его запретом на изображения людей и идолопоклонничество. Однако традиция не исчезла, но лишь трансформировалась. В частности, надмогильные камни (сынтас, кулпытас) стали более стилизованными, однако до сих пор имеют отдаленно антропоморфные черты. Трансформации подверглись и представления самих носителей культуры. Древние представления слились с мусульманскими, образуя некий синкретизм, неоднократно подчеркивавшийся исследователями.

Процесс трансформации культуры в целом не прерывался, однако можно выделить некие хронологические узловые точки, когда появлялись новые факторы, влияющие на него. В частности, в кыпчакский период каменные изваяния становятся атрибутом культа вождя-предка, а в золотордынское время под влиянием ислама происходит стилизация и упрощение фигур. Следующими ключевыми точками можно назвать всплеск исламизации в XIX в. и модернизацию и советизацию в XX в., когда очень многие традиционные элементы начинают отмирать.

Список литературы

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л.: АН СССР, Институт этнографии им. Миклухо-Маклая. – 1950. – 656 с.
2. Кызласов Л.Р. О назначении древнетюркских каменных изваяний, изображающих людей // Советская Археология. – 1964. – №2. – С. 27-39.
3. Кызласов Л.Р. История Тувы в средние века. М.: МГУ, 1969. – 212 с.
4. Савинов Д.Г. Антропоморфные изваяния и вопрос о ранних тюрко-киргызских связях // Тюркологический сборник 1977. – 1981. – С. 232 – 248.
5. Евтюхова Л.А. Каменные изваяния Южной Сибири и Монголии // МИА № 24. Материалы и исследования по археологии Сибири. -1952. – Т. 1.- С. 72-120.
6. Плетнева С.А. Половецкие каменные изваяния // Свод археологических источников. Вып. Е4-02. – М.: «Наука», 1974. – 200 с.
7. Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды. // Сибирский вестник. – 1820. – С. 162-163.
8. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в.). -Алма-Ата: «ҒЫЛЫМ», 1991. – 214 с.
9. Баялиева Т.Д. Доисламские верования и их пережитки у киргизов. – Фрунзе: «Илим», 1972. – 168 с.
10. Селезнев А.Г., Селезнева И.А. Сибирский ислам: региональный вариант религиозного синкретизма. – Новосибирск: Издательство Института археологии и этнографии СО РАН, 2004. – 72 с.
11. Сулейманова М.Н. Доисламские верования и обряды башкир: Монография. - Уфа: РИО БашГУ, 2005. – 146 с.
12. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). - Алматы: «ҒЫЛЫМ», 2002. – 654 с.

М.С. Калдыбаев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Түркі халықтарының жерлеу және мемориалдық ғимараттарының антропоморфизмі

Аннотация. Зерттеу нысаны осы мақалада ортағасырлық және жаңа уақыт түркі халықтарының жерлеу және мемориалдық ғимараттары. Ежелгі түрік антропоморфтік мүсіндердің құрылысын дәстүрге айналдыру мәселесі зерттелді. Ежелгі түрік тас мүсіндері қазіргі уақытта зерттеушілермен салыстырмалы түрде жақсы зерттелген танымал феномен болып табылады. Ежелгі түрік антропоморфтік мүсіндер (VI-IX ғғ.), Қыпшақ мүсіні (X-XIII ғғ.) семантикасының мәселесі қозғалды. Кейінгі кезеңдерде исламның ықпалымен бұл дәстүр аяқталады. Жұмыстың мақсаты - осы дәстүрдің соңғы ортағасырлардағы және жаңа уақыттардағы көріністерін анықтау. Осы мақсатта қазақтар, қырғыздар, сібір татарлары құрылымдарының кейбір түрлері талданды. Атап айтқанда, қазақ құлпытастары, сібір татарларының қабірлері т.б. Осы құрылымдардың және көне түрік тас мүсіндерінің генетикалық сабақтастығы мүмкіндіктері жасалды.

Түйін сөздер: Түріктер, мүсіндер, исламалдындағы көзқарастар, исламалдындағы реликтілер, жерлеу рәсімдері, тас мүсіндері.

M.S. Kaldybayev

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Anthropomorphism of memorial structures of Turkic peoples

Abstract. The object of research in this article is the burial and memorial buildings of the Turkic peoples of the Middle Ages and the new time. The question of the transformation of the tradition of the construction of ancient Tur-

anic anthropomorphic sculptures is investigated. Ancient Turkic stone sculptures are a fairly well-known phenomenon, currently relatively well studied by researchers. The problem of the semantics of ancient Turkic anthropomorphic sculptures (VI - IX centuries), Kypchak sculpture (X - XIII centuries) is touched upon. In later periods, under the influence of Islam, this tradition ceases to exist. The purpose of the work is to identify the possible manifestations of this tradition in the late Middle Ages and in the new time. Within the framework of this goal, some types of structures of Kazakhs, Kyrgyz, Siberian Tatars were analyzed. In particular, the Kazakh kulpytas, the Kazakh and Kyrgyz tuls etc. The possibility of genetic continuity of these structures and ancient Turkic stone sculptures was postulated.

Key words: Turks, sculptures, pre-Islamic views, pre-Islamic relics, funeral rites, grave structures.

References

1. Bichurin N.Ya. *Sobranie svedenij o narodax, obitavshix v Srednej Azii v drevnie vremena* [Collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times]. (Moscow-Leningrad, 1950)
2. Kyzlasov L.R. *O naznachenii drevnetyurkskix kamennyx izvayanij, izobrazhayushhix lyudej* [On the appointment of ancient Turkic stone sculptures depicting people], *Sovetskaya Arxeologiya* [Soviet Archeology], **2**, 27-39 (1964).
3. Kyzlasov L.R. *Istoriya Tuvy v srednie veka* [History of Tuva in the Middle Ages]. (MGU, Moscow, 1969)
4. Savinov D.G. *Antropomorfnye izvayaniya i vopros o rannix tyurko-kyrgyzskix svyazyax* [Anthropomorphic statues and the issue of early Turk-Kyrgyz relations], *Tyurkologicheskij sbornik 1977* [Turkological collection 1977], 232-248(1981).
5. Evtyuxova L.A. *Kamennye izvayaniya Yuzhnoj Sibiri i Mongolii* [Stone sculptures of South Siberia and Mongolia], *MIA № 24. Materialy i issledovaniya po arxeologii Sibiri* [Materials and research on the archeology of Siberia], **1**, 72-120(1952)
6. Pletneva S.A. *Poloveckie kamennye izvayaniya* [Polovtsian stone sculptures]. (Nauka, Moscow, 1974)
7. Spasskij G.I. *Kirgiz-kajsaki Bolshoj, Srednej i Maloj ordy* [Kirghiz Kaisaks of the Great, Medium and Small Horde], *Sibirskij vestnik* [Siberian Bulletin], 162-163 (1820)
8. Toleubaev A.T. *Relikty doislamskix verovanij v semejnoy obryadnosti kazaxov (XIX – nachalo XX v.)* [Relics of pre-Islamic beliefs in the family rituals of the Kazakhs (XIX - early XX century)]. (Gylym, Alma-Ata, 1991)
9. Bayalieva T.D. *Doislamskie verovaniya i ix perezhitki u kirgizov* [Pre-Islamic beliefs and their remnants of the Kyrgyz]. (Ilim, Frunze, 1972)
10. Seleznev A.G., Selezneva I.A. *Sibirskij islam: regionalnyj variant religioznogo sinkretizma* [Siberian Islam: a regional version of religious syncretism]. (Izdatelstvo Instituta arxeologii i etnografii SO RAN, Novosibirsk, 2004)
11. Sulejmanova M.N. *Doislamskie verovaniya i obryady bashkir* [Pre-Islamic beliefs and ceremonies of the Bashkirs]. (RIO BashGU, Ufa, 2005)
12. Azhigali S.E. *Arxitektura kochevnikov – fenomen istorii i kultury Evrazii (pamyatniki Aralo-Kaspijskogo regiona)* [The architecture of nomads is a phenomenon of the history and culture of Eurasia (monuments of the Aral-Caspian region)]. (Gylym, Almaty, 2002)

Сведения об авторе:

Калдыбаев М. С. - Магистр археологии и этнологии, докторант, факультет международных отношений, кафедра тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Kaldybayev M. S. - Master of Archeology and Ethnology, Doctoral Student, Department of Turkic Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 1 (126)/2019, pp. 177-183
http://bulpolit.enu.kz/; E-mail: vest_polit@enu.kz

ХҒТАР 16.21.47

М.М. Қосыбаев¹, А.М. Қосыбаева²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹miras.kosybaev@gmail.com, ²kosybaeva.altynay@mail.ru)

«Диуани лұғат-ит-түрік» жазба ескерткішіндегі тұрмыстық атаулар

